



«ДАРЫНЫ КЕМДЕРДІҢ  
ДАБЫРАСЫ КӨП»

7-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



МЕЙІРБИКЕЛЕР  
МЕКЕНІ

8-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ИПОТЕКАМЕН ҚАЛАЙ  
ПӘТЕР АЛУҒА БОЛАДЫ?

11-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз алдағы уақытта жаңа экономикалық бағдармен жүреміз десек, Үкімет және әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Ұлттық экономиканы өркендету үшін жаңа идеялар және ұзақ мерзімге арналған жүйелі ұстаным қажет. Біз еліміздің даму қарқынын күшейтуіміз керек. Экономиканы әртараптандырып, шетелден көбірек инвестиция тарту қажет. Үкіметтің басты міндеттерінің бірі – экономикалық қызмет субъектілерінің бәріне бірдей жағдай жасау.

№27  
(4615)

Сейсенбі  
5 наурыз  
2024 жыл




# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ



## КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА – КӨМЕК

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай елордада 34 мыңға жуық көпбалалы ана біржолғы әлеуметтік төлем алады деп хабарлады Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы 2023 жылғы 3 қазандағы №84/10-VIII жергілікті бюджеттен Астана қаласының мәслихаты бекіткен әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасына сәйкес, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай Астана қаласының көпбалалы отбасыларына, көпбалалы аналарға, оның ішінде аз қамтылған аналар қатарына жататын 34 мыңға жуық әйелге 2,5 АЕК (9230 теңге) мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек төленеді. Төлем «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы әлеуметтік төлемдер орталығының тізімдері негізінде Астанада тіркелген және тұрақты тұратын аналарға беріледі.

5

# ОТАН ҚОРҒАУ – АБЫРОЙЛЫ БОРЫШ

Әскерге барып, Отанды қорғау үшін ант қабылдау – әрбір ер-азаматтың ең абыройлы борышы. Бүгінгі таңда елімізде кезекті әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Мәліметтерге қарағанда, соңғы жылдары жастардың әскери міндетін өтеуге деген құлшынысы арта түскен. Әрине, әскерден «қашатындар» да жоқ емес. Мұның себебі неде?

## АЛМАТЫ АЛАҢДАТЫП ТҰР

Кеше Алматыда тағы бір күшті жер сілкінісі болды. Жерасты дүмпулерінің күші 5 балды көрсетті. Қала бойынша дереу сиреналар қосылды.

Алматылықтар қатты жер сілкінісін сағат 11:22-де сезінді. Төтенше жағдайлар министрлігі дереу жер сілкінісіне қатысты мәлімдеме жасап, қала тұрғындары мен қонақтарын дүрбелеңге түспеуге және ресми ақпараттарға сенуге шақырды. Қала әкімдігі мен Төтенше жағдайлар департа-

ментінің жедел штабы құрылды. Оқу орындарында сабақтар тоқтатылды. Метро уақытша жабылды. Қала бойынша эвакуация орындары белгіленді. Полиция қызметі күшейтілген жұмыс режиміне шықты. Жедел штабтың мәліметі бойынша адам және материалдық шығын болған жоқ.



## СТS КАССАЛАРЫ ЖАБЫЛАДЫ

Елордадағы қоғамдық көліктің қызметін үйлестіретін «City Transportation Systems» компаниясы қаладағы мамандандырылған 2 кассаның жабылатынын ескертеді.

«14 наурызда Қабанбай батыр даңғылы, 5 мекенжайындағы және 28 наурызда А.Петров көшесі, 24 мекенжайында орналасқан мамандандырылған кассалар жабылады. Орталық касса және «Сапаржай» автовокзалындағы кассалар қалыпты режимде жұмыс істейді» делінген СТС-тің баспасөз қызметі хабарламасында.

Қазір Астанада енгізіліп жатқан жаңа төлем жүйесі көлік карта-сының теңгерімін кассаға бармай, қашықтан және жылдам толықтыруға мүмкіндік береді. Әзірге лезде толтыру Kaspi.kz қосымшасы арқылы жүргізіледі. Басқа банктермен келісім жұмысы жүріп жатыр.


ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487.47 \$ USD/KZT 451.03 ₸ RUB/KZT 4.94 ¥ CNY/KZT 62.66

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## АНТ БЕРУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен АХҚО Сотының жаңадан тағайындалған төрағасы лорд Ян Бернеттің ресми ант беру рәсімі өтті. Жиынға АХҚО Басқарушысы Ренат Бектұров, АХҚО Халықаралық арбитраж орталығының төрағасы Томас Крюммель, сондай-ақ АХҚО Сотының тіркеушісі және Халықаралық арбитраж орталығының аппарат жетекшісі Кристофер Кэмпбелл-Холт қатысты.

Ресми жиында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы бұл институттың коммерциялық дауларды шешуде елеулі қызмет атқаратынын атап өтті.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы инвесторлар сенім артатын маңызды алаң саналады. Осы орайда халықаралық стандарттарға сай тәуелсіз сот жүйесі бар АХҚО Соты негізгі рөл атқарады. Құрметті лорд Бернетт, Сізді осынау жауапты лауазымға тағайындалуыңызбен құттықтаймын. Сіздің кандидата-

тураңыздың таңдалуы АХҚО сот жүйесінің тұрақтылық және сенімділік қағидаттарын сақтауға бейіл екенін тағы да растайды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент өз міндетін ыждағаттылықпен орындап, АХҚО Сотында қаралған әр істе әділеттілікті және әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге күш салғаны үшін Соттың бұрынғы төрағасы лорд Джонатан Мансқа ризашылығын білдірді.

Жиыннан кейін Мемлекет

басшысы шараға қатысушылармен АХҚО Сотын және Халықаралық арбитраж орталығын еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал ететін негізгі тәуелсіз институттар ретінде дамыту перспективасын талқылады. Бұдан бөлек, Президент дауларды шешуге қатысты халықаралық құқықтың үздік тәжірибесін енгізу, сондай-ақ заманауи технологияны, оның ішінде жасанды интеллекттің әлеуетін белсенді түрде пайдалану маңызды екенін айтты.

## ӘКІМГЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевты қабылдады. Мемлекет басшысына облыстың былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы туралы баяндалды.

Өңірдегі негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика бар. Президентке облыс тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жоспар таныстырылды. Онда

ауыл шаруашылығын ілгерілету және инфрақұрылымды дамыту, тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету шаралары қамтылған. Сондай-ақ өңірдің көлік-логистикалық

әлеуетін пайдалануға және туризм саласын өркендетуге баса назар аударылған. Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.



## ЖЕР СІЛКІНІСІ ТУРАЛЫ БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов Алматыдағы жер сілкінісіне байланысты ведомствоның атқарып жатқан жұмыстары туралы баяндады. Бұл туралы ҚР Президентінің кеңесшісі – баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-тегі парақшасында жазды.

Шыңғыс Әріновтің айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмаларына негізделген іс-қимылдар алгоритмі өз деңгейінде орындалды. Қазір қаладағы жағдай қалыпты, барлық

тиісті мекемелер бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс істеп жатыр. Президент министрге мегаполис тұрғындарының амандығын сақтау және Алматыдағы жағдайды бақы-

лауды қамтамасыз ету үшін қала әкімі Ерболат Досаевпен, сондай-ақ қаладағы барлық жауапты мекемелермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуді жалғастыруды тапсырды.

## УАҒДАЛАСТЫҚТЫ ІСКЕ АСЫРАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустиннің шақыруымен Мәскеуге жұмыс сапарымен барды. Келіссөздер барысында үкіметтер басшылары ағымдағы сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелерін және Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин арасында жасалған уағдаластықтардың іске асырылуы барысын талқылады.

Тараптар сауда және инвестиция, өнеркәсіп кооперациясы, энергетика, ауыл шаруашылығы, азаматтық авиация, сондай-ақ транзит-көлік салаларындағы бірлескен іс-қимылдарды айқындады. Сонымен қатар мәдени-ағарту саласындағы өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды. Олжас Бектенов өнеркәсіп кооперациясын нығайту және сауда-саттықтағы өзара іс-қимылды дамытудың оң қарқынын атап өтті. Қазіргі таңда екі елдің бизнес субъектілері құны \$26,5 млрд болатын 135 жобаны іске асыруда. Сонымен қатар экономиканың негізгі салаларында, атап айтқанда, машина жасау, металлургия және химия өнеркәсібінде жалпы құны \$14 млрд-ты құрайтын қосымша 67 бірлескен жоба пысықталуда. Бірлескен күш-жігердің арқасында 11 мыңнан астам жұмыс орны ашылмақ.

«Елдеріміз арасындағы қарым-қатынастар сауда-экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың барлық спектрі бойынша жемісті дамып келеді. Маңызды бағыт – өнеркәсіп кооперациясы. Ол қазірдің өзінде өзара табысты іс-қимылдың нақты көрінісіне айналып отыр. Екі ел үкіметтері елдеріміздің көшбасшылары қол жеткізген барлық уағдаластықтарды іске асыру үшін бар күш-жігерін салады» деді Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов.

ҚР Үкіметінің басшысы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасындағы өткізу бекеттерін жаңғырту жұмыстарын жеделдету және үйлестіру қажеттігін атап өтті. Кезеңді жұмыс шеңберінде 2027 жылдың соңына дейін жұмыс көлемін ескере отырып айқындалған 30 өткізу бекетінің 29-ы күрделі жөндеуден өтеді. Аталған шаралар

транзитті жеңілдетуге және жалпы шекара бойында өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық дәлізінің әлеуетін кеңейтуге, «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» теміржол учаскесін қарқынды пайдалана отырып, көлік артериясын дамытуға баса назар аударылды. Сонымен қатар қазақстандық тарап ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге басымдық бере отырып, АӨК саласындағы ынтымақтастықты жандандырудың перспективті бағыттарын атап өтті.

Өз кезегінде Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустин мемлекеттер басшылары деңгейінде қол жеткізілген барлық шешімдер мен келісімдерді іске асыру үшін белсенді жұмыс істеуге әзір екенін айтты.

Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов Ресей Федерациясына ресми сапармен барды. Сапар аясында 4-5 наурыз күндері Мәскеу және Қазан қалаларына баруы жоспарланған.

## ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ДАМИДЫ

Мәскеуде Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Мемлекеттік Думасының төрағасы Вячеслав Володинмен және Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің төрағасы Валентина Матвиенкомен екіжақты кездесулер өтеді. Қазанда Мәжіліс төрағасы Татарстан Республикасының басшысы Рустам Миннихановпен және Татарстан Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің төрағасы Фарид Мухаметшинмен кездеседі. Тараптар парламентаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жоспарлар, сондай-ақ өңіраралық экономикалық ынтымақтастық пен өзара мәдени-білім беру мәселелерін талқылайды.



### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Трамп билікке қайта келуі мүмкін. АҚШ халқы бұрынғы президент Дональд Трамптың билікке қайта келуін қалайды. Бұл жөнінде New York Times басылымы Сиена колледжімен бірлесіп, тұрғындар арасында сауалнама жүргізді. Нәтижесінде халықтың 43 пайызы Джо Байденге, 48 пайызы Дональд Трампқа дауыс беруге ниетті. Сондай-ақ Ақ үйдің қазіргі басшысын 18-29-дағы жастар, ал Трампты 30-35 жас шамасындағы тұрғындар жақтаған.



Әлемде 300 миллион адам гуманитарлық көмекке мұқтаж.

Бұл жағдайға қарулы қақтығыстар, ауа райына қатысты төтенше жағдайлар мен экономикалық факторлар себеп. БҰҰ-ның гуманитарлық сұрақтарды үйлестіру жөніндегі басқармасы осындай деректерді келтіріп отыр. Әсіресе Африка, Азия, Шығыс Еуропа мен Таяу Шығыстағы ахуал күрделі. Үй-жайын тастап, босып кеткен жандардың саны 36 миллионнан асып кеткен. Бұл – бұрын-соңды болмаған көрсеткіш.



Газаның солтүстігінде ахуал ушықты.

Ауруханаларда балаларға орын тапшы, емдеу үшін медицина препараты жетіспейді. Азық-түлік те азық етеді. Дәрігерлер балалардың тойып тамақ ішпеуі түрлі ауруға әкеп соғуы мүмкін дейді. Ал шала туған шақалақтар бір инкубаторды бөлісуге мәжбүр. ДДҰ-ның мәліметінше, 5 жасқа дейінгі балалардың 0,8 пайызы дұрыс тамақтанбаудың кесірінен қатты зардап шегіп отыр. Ал халықтың ширегі, яғни 500 мыңнан астам тұрғын аштыққа ұшыраған.



## ИНКЛЮЗИЯ КАБИНЕТТЕРІ КӨБЕЙЕДІ



Алдағы уақытта елордадағы 3 шағын орталықта, 4 мектепте инклюзияны қолдау кабинеттері ашылады. Бұл туралы қала басшысы Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Балабақшалар мен мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттерінің санын арттыруды жалғастырамыз. Мәселен, «Болашақ» қорымен бірлесіп, 8 балабақшада инклюзияны

қолдау кабинетін ашып, жабдықтадық. Жуырда тағы 3 шағын орталықта ашамыз. Негізгі уақытта балалар қатарластарымен бірге қарапайым топтарда болады және күніне бірнеше

сағат инклюзияны қолдау кабинетінде педагог-ассистенттермен бірге оқиды. Кабинетте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру, сөйлеу, коммуникативтік және тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру жұмысы жүргізіледі» деп жазды әкім әлеуметтік желідегі парақшасында.

Жеңіс Қасымбек сондай-ақ №95 «Алматы» балабақшасындағы инклюзияны қолдау кабинетінің қызметімен танысты.

«Бұл балабақшада ерекше балалардың ата-аналарымен, балалар инклюзия мәселелерімен айналысатын ҮЕҰ өкілдерімен спорттың қолжетімділігі, кәсіптік бағдарлау даярлығы, білім беру мекемелерінде инклюзияны қолдауға арналған қосымша кабинеттер ашу мәселелерін талқыладық, ынтымақтастықтың алдағы жоспарларын белгіледік. Тәрбиешілер мен ата-аналардың айтуынша, инклюзияны қолдау кабинеттеріне барған балалар әлеуметтену және оқыту дағдыларын айтарлықтай жақсартты. Мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттерінің санын арттырамыз. Қазір 29 мектепте бар. Биыл тағы 4 мектепте ашуды жоспарлап отырмыз» деп жалғастырды сөзін қала басшысы.

## ТЕННИСТІҢ ДҮБІРЛІ ДОДАСЫ

Елімізде алғаш рет пара үстел теннисінен ITTF Factor 20 Astana Para Open 2024 халықаралық турнирінің жалауы желбіреді. Дүбірлі додаға әлемнің 19 елінен 150-ге жуық спортшы қатысты. Бұл туралы Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен мәлім етті.

«Спорт саласында инклюзивті орта қалыптастырудың, ерекше қажеттілігі бар азаматтарды түрлі сайысқа жұмылдырудың мәнісі де, жауапкершілігі де зор. Бұл – жеңіс пен нәтиже үшін күрес емес, азаматтарды біріктіру, олардың шекаралары мен мүмкіндіктерін кеңейту. Міне, Астана 3 күн бойы ең үздік үстел теннисі шеберлерінің жетістіктерін көрсететін алаңға айналды. Елімізде алғаш рет пара үстел



теннисінен ITTF Factor 20 Astana Para Open 2024 халықаралық турнирі дүркіреп өтті. Осы турнирдің ашылу салтанатына қатысып, спортшыларға сәттілік тіледім. Жарысқа барлығы 19 елден 150-ге жуық спортшы қатысты. Осындай ауқымды жарыстың Қазақстан

тарихында алғаш рет елордада өтуі біз үшін ерекше құрмет! Халықаралық пара үстел теннисі федерациясы мен Мәдениет және спорт министрлігіне ризашылығымызды білдіреміз!» деп жазды Е.Байкен әлеуметтік желідегі парақшасында.

## АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Астанадағы М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында Халықаралық әйелдер күніне арналған «Көктем симфониясы» атты мерекелік бал өтті.

Салтанатты кешті М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының директоры Вадим Моторин құттықтау сөзбен ашты.

– Бұл мерекенің нәзік жандар үшін мағынасы терең, орны ерекше. Міне, сондықтан да мектеп оқушылары бізге

ең қымбат және жақын адамдар үшін таңғажайып сиқырлы мерекелік кеш ұйымдастырды. Мен сіздерге, қымбатты ханымдар, шын жүректен бақыт пен қуаныш тілеймін! Көктеммен бірге келген тамаша мереке – қайталанбас сұлулығы мен даналығына айрықша



Әлемде әрбір сегізінші адам семіздікке шалдыққан.

Семіздікке шалдыққан адамдар саны алғаш рет бір миллиардтан асты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлемдегі әрбір сегізінші тұрғынның осындай қиындыққа тап болғанын хабарлайды. Оған аз қозғалу және дұрыс тамақтанбау себеп дейді мамандар. Әсіресе кейінгі 30 жылда мәселе қатты ушығып кеткен. Бұл уақыт ішінде артық салмағы бар жасөспірімдер саны 4 есе артқан.



Қытай «ақылды» роботты сынақтан өткізді.

Қытай ғалымдары қоқыс тазалайтын ерекше робот жасап шығарды. Бұл бұған дейінгі құлтемірлерге ұқсамайды. Жаңа робот адамның сөзін түсінеді. Тіпті берілген тапсырманы талдап, өздігінен жұмыс істей береді. Жасанды интеллектіге негізделген жоба сынақтан сәтті өтті. «Ақылды» робот-тазалағыш бірнеше тілді түсінеді. Ауызша берілген тапсырманы қабылдап, сол мезетте орындайды.

Шынар ХАМИТОВА

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен елордада «Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ӘЙЕЛДЕР



Индира БЕРЖАНОВА

Мемлекеттік қызметте әйелдер ерлермен тең мансап құра ала ма? Қызметке қабылдау және жұмыстан шығару кезінде олардың құқығы сақтала ма? Жалпы мемлекеттік қызмет жүйесіндегі әйелдердің рөлі қандай? Мемлекеттік қызмет істері агенттігі ұйымдастырған диалог алаңында бірқатар сарапшы осы мәселелерді талқылады. Жиын мақсаты – мемлекеттік аппаратта қызмет атқаратын нәзік жандардың құқықтық жағдайын айқындау, кәсіби дағдыларын дамыту, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру.

Дөңгелек үстелге Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Мақсат Мусин, Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия орынбасары Назгүл Мақжан, Астана қаласы Полиция департаменті имидждік

жұмыс және ішкі коммуникация бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Гүлмира Шрахметова және қалалық әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия мүшесі Лимана Қойшиева және астаналық мемлекеттік қызметшілер қатысты.

«Қазір мемлекеттік қызметте жүрген әйелдер білікті және тәжірибелі кәсіби маман ретінде өзгелерге үлгі бола отырып, оларды ілгерілетуге үлесін қосуы керек. Өкінішке қарай, бүгінде адал, әділ мемлекетшілдік бейнеге деген сенім азайған және бұл негізсіз емес. Сондықтан біз әрбір мемлекеттік қызметшінің және тұтастай алғанда мемлекеттік қызметтің имиджіне теріс ықпал ететін барлық жағымсыз жағдайды болдырмау бағытында жұмыс істеуіміз керек. Бұл Президенттің бастамасымен айтылған саяси реформаларды жүзеге асыруға ықпал етеді» деді өз сөзінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің бас маманы Әділқажар Сламқұл.

## БОЧЧА ТУРНИРИ БАСТАЛДЫ

Бас қалада Сұлтанбек Орынбасаровты еске алуға арналған боччадан ашық республикалық турнирдің байрағы көтерілді. Қазақстанның 8 өңірінен келген параспортшылар «Аспан» спорт кешенінде бақ сынауда.

Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Ербол Мырзабосыновтың айтуынша, елімізде 200-ден астам параспортшы боччамен айналысады.

– Биыл 13 спортшы Ұлттық паралимпиадалық құрамаға қабылданды. Біздің құрама Параазиялық ойындарға қатысты, бұл – үлкен жетістік. Министрлік тарапынан елімізде осы спорт түрін дамытуға жан-жақты қолдау көрсетіледі, – деді ашылу салтанаты кезінде комитет төрағасы.

Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

Василий Левит бочча спорты мүмкіндігі шектеулі балалардың қиындықты жеңуге ынталандыратынын атап өтті.

Қазақстан бочча федерациясының бас хатшысы Нұргүл Үлжекованың айтуынша, Қазақстанда бочча спортын қалыптастыруға Сұлтанбек Орынбасаров үлкен үлес қосқан, сондықтан бұл турнир жаттықтырушының еңбегіне құрмет ретінде ұйымдастырылған.

Бочча – бұл тірек-қимылы қатты зақымданған адамдар үшін паралимпиялық спорт түрі саналатын доп ойыны. Турнир 6 наурызға дейін жалғасады.





№27 (4615) 05/03/2024 Сейсенбі

## ЖАЙЛЫ МЕКТЕП САЛУ ЖОСПАРЛАНУДА

Талдықөл айналасында құрылыс жұмысы жүріп жатқан жоқ. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Үкімет отырысынан кейін өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Қала басшысы Талдықөл маңындағы құрылыс жұмысына қатысты тағы да түсінік берді.

– Егер Талдықөл маңындағы 5-жер учаскесі туралы айтып отырсаңыз, оның көл аумағына

ешқандай қатысы жоқ, арасы бір-неше шақырым. Биыл қаңтарда желіде тараған видеоға келсек, бір ғана тұрғын үйдің құрылысы, бұл жерде тұрғын үйлер кешені салынбайды. Ол бойынша қажет

жағдайда мәселені сот тәртібімен шешеміз, – деді Жеңіс Қасымбек.

Астана қаласы әкімінің айтуынша, Талдықөл айналасында құрылыс жұмысы жүріп жатқан жоқ.



## ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Елорда тұрғындарына мемлекеттік қызмет көрсету жұмысы өз деңгейінде жүріп жатыр. Мемлекет басшысы айтқандай, билік бұқараға барынша жақындап, шенеуніктер алдына келген адамдардың мәселесін күн құрғатпай шешіп беруге тырысуда.

Астана қаласы бойынша «Азаматтарға арналған Үкімет» МК» КЕАҚ филиалының директоры Мәди Садановтың айтуынша, бас шаһарда халыққа қызмет көрсету бойынша 10 бөлім жұмыс істейді, олардың 2-уі мамандандырылған, 1-еуі шетелдіктерге қызмет көрсетуге арналған.

Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтары жүргізуші куәлігін беру, көлік құралдарын тіркеу, сондай-ақ нөмірлік белгілерді беру бойынша қызметтер көрсетеді.

Бүгінде «Әлем» және «Central Market» сауда орталықтарында «Connection point» секторлары ашылып, шетелдік көлік құралдарын заңдастыруға құжаттар қабылдау басталды. Антикормен бірлесіп студенттер мен қоғамдық ұйымдардың мүшелері арасынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы еріктілер қозғалысын дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде. Еріктілер қозғалысының өкілдері ХҚКО жұмысына кедергі келтірмей, бақылаушы ретінде жұмыс

істейді, мониторинг жүргізеді.

Министрліктер үйінде мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа ортасын құру үшін азаматтарды қабылдау орталығы жұмыс істейді, онда онлайн режимде мемлекеттік қызметтер көрсетіледі. Сонымен қатар көпфункционалды кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы құрылды, онда бизнесмендер мен заңды тұлғалар «Атамекен» ұлттық палатасы мен «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы арасындағы ынтымақтастықтың арқасында қаржылай емес қолдау шараларын ала алады.

Астана қаласы әкімінің іKomek109 мониторинг және жедел әрекет ету орталығының басшысы Асқар Таксимов осы орталықта қалалық бейнебақылау камералары, өрт сөндіру және IT шешімдерін бақылау жүйелері біріктірілгенін атап өтті. Бұл орталық іKomek109 тіршілікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан және іKomek109

ахуалдық мониторинг орталығынан тұрады.

– іKomek109 қала аумағында балабақшаларда, мектептерде, емханаларда және басқа да нысандарда орналасқан 9 мыңнан астам бейнебақылау камераларына қосылған. Сондай-ақ камералар жолдарды, қиылыстарды, СОО, мешіттер, ірі автобус аялдамалары, вокзалдар сияқты адамдар көп жиналатын орындарды қамтиды. Қауіпсіздікті неғұрлым тиімдірек үйлестіру және орталықтандырылған мониторингті қамтамасыз ету үшін іKomek109-дың өзінде Астана қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері орналасқан, бірлескен қызмет нәтижесінде жыл басынан бірнеше құқық бұзушылық анықталып, олардың бір бөлігі хаттамамен ресімделді, – деді орталық басшысы.

Сондай-ақ елімізде алғаш рет елорда әкімдігінің бастамасымен және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қолдауымен «Астана – адалдық алаңы»



– Көлге жақын жерде жайлы мектеп салу жоспарлануда, бірақ бұл халықтың сұранысы бойынша болғалы тұр. Ал бұған дейін айтылған саябақ жобасы іске асады. Оған биыл бюджеттен қаржы бөлініп, мердігер ұйым белгіленді. Былтыр қарашада саябақ жобасына қатысты эко-белсенділерден қосымша ұсыныстар берілді, біз оларды қараймыз. Ellington тұрғын үй кешенінің 5-учаскеге қатысы жоқ. Көл жағалауына тұрғын үй кешені салынып жатқан жоқ, құрылыс жұмысы тоқтатылды, – деді шаһар басшысы.

«Игі істер» марафоны аясында елордалық еріктілер жалғыз тұратын зейнеткерлердің ауласының қарын күреп, қариялардың ризашылығына бөленді.

## ЕРІКТІЛЕР ЕГДЕ АДАМДАРҒА ЖӘРДЕМДЕСТІ

Марафон аясында Астананың Байқоңыр ауданында қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, 20-ға жуық белсенді жалғыздікті қарттарға көмектесті.

Күн жылынғаннан кейін қар еріп, маңайды су басып кетпеуі үшін еріктілер ауланың қарын күреп, коммуналдық қызметтерге жеңіл болуы үшін жиналған қарды жолға шығарып, тау етіп үйіп қойды.

«Астана жастары» еріктілерінің қатарында егде адамдарға қол ұшын беріп жүрген азаматтың бірі – Макс Алтаев. Жанына жақын игі іспен ол 2021 жылдан бері айналысып жүр.

– Жыл сайын біз көмекке мұқтаж қарт кісілерге көмектесу үшін жер үйлерде тұратын қарияларға барып, ауланың қарын күреп көмектесеміз. Еріген қар суының ауланы басып қалуы ғажап емес. Егде адамдардың қиналып қалмауы үшін

қолымыздан келгенше көмек қолын созамыз. Қамқорлықты сезінген олардың жүзіндегі қуаныш біздің де жанымызға жылу беріп, бойымызға ерекше күш сыйлайды, – деді елордалық ерікті.

Ауланың қарын күреу қарт кісілер үшін, әрине, оңай емес, сол себепті олардың көпшілігі мұндай көмекке ризашылығын білдіріп жатады.

– Балаларға алғысым шексіз. Олардың көмегіне ризамын. Жасым келіп, бойымнан қуат кеткеннен кейін ауланың қарын күреу де мұңға айналды. Ал көмекке келген жастар мені бір тығырықтан алып шығайын деп тұр, – деді Валентина Сергиенко.

Жалпы «Астана жастары» белсенділері қаланы тәулік бойы қардан тазартатын коммуналдық қызмет мамандарына да көмек қолын созады. Еріктілер ыстық шай мен бауырсақ тарату акциясын жиі өткізеді.



## БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАЛАРЫ АНЫҚТАЙДЫ

Көбінесе жүргізушілер бағдаршамның сары түсіне тоқтамай, тез өтіп кетуге тырысады. Осыған орай, елордалық полицейлер тұрғындарға бағдаршамның сары сигналына өтуге тыйым салынатыны туралы ескертеді.



Астана қаласы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Эльдар Данияровтың айтуынша, көбінесе жол-көлік оқиғалары бағдаршамның сары түсі жанып тұрған қиылысынан өту кезінде орын алады.

– Бүгінде елорда жолдарында апатты жағдайлардың болуына жол бермеу – басты мәселе. Бұл жерде негізгі себеп – жол ережесінің сақталмауы. Сондықтан біз осы мәселе бойынша үнемі талдау жүргіземіз. Бұл ретте жүргізушілерге Қазақстан Республикасы жол қозғалысы ережелері 5-тарауы 24-тармағының 3-тармақшасына сәйкес, бағдаршамның сары сигналы қозғалысқа тыйым салатынын, ал жыпылықтаған жасыл шам жақын арада тыйым салу сигналының шығатынын ескертеді.

Мұндай бұзушылықтарды бейнебақылау камералары автоматты түрде тіркейді. Осыған байланысты жүргізушілерді жолда сақ болып, жол ережесін сақтауға шақырамыз, – деді Эльдар Данияров.

Басқарма бастығы бірінші орынбасарының айтуынша, соңғы бір жылда осыған ұқсас 3 мыңнан астам оқиға тіркелді. Жол-көлік оқиғалары бағдаршамның тыйым салынған сигналына, яғни қызыл, сары түске өтуі, оның ішінде сары сигналына өткені үшін болған. Соның салдарынан 6 адам қаза тауып, 246 адам жарақат алған.

Был жыл басынан 400-ге жуық жол апаты орын алған. Енді мұндай фактілер бейнебақылау камералармен анықталып, айыппұлдар автоматтандырылған түрде жіберіледі.



Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**



– Қазір жастар әскери борышын өтеуге асықпайды. Дұрысы, қызықпайды. Әскери қызметтің имиджін қалай арттыруға болады?

– Жастардың барлығы бірдей Отан алдындағы міндетін адал орындамай жүр деп айта алмаймыз. Өз еркімен әскерге барып, одан кейін қызмет жолын жалғастыратын жастармен мақтана аламыз. Алайда елдегі жастардың жалпы үлесімен салыстырмалы түрде алсақ, ондай жастар көп емес.

Кеңес кезінде әскерге бармаған жігітке қыздар сенімсіз қарайтын. Нарық қатынасына бет бұрып, қоғамның көңіл күйіне базардағы баға әсер ететін заманда патриотизм тақырыбы екінші орынға ығысты.

Негізі, әскери қызмет атқаруды идеологияның бір құралына айналдыру керек. Жүйелі жұмыс мектеп оқушыларына түсіндіруден басталуы тиіс. Яғни алғашқы әскери дайындық пәні өз деңгейінде өтіп, азаматтық борышты өтеудің мән-маңызын жан-жақты ұғындыру маңызды.

– Әскери маман ретінде осы бағытта іс-шаралар атқарып жүрген боларсыз?

– Әрине, зейнеттеміз деп үйде жатқан жоқпыз. Қоғамдық жұмыстарға белсенді атқаруға мән беріп келеміз. Астанада «Батырлар» клубын құрдық. Мақсат – жасөспірімдер мен жастарды жауынгерлік рух пен әскери машыққа баулу. Бізге «Миучурин» тұрғын алабындағы ескі мектеп берілді. Нысанды клубтық базасына айналдырып, сонда оқу-жаттығу жиынын өткізу жоспарда бар.


Мектеп оқушыларымен, колледж, жоғары оқу орнының студенттерімен кездесу өткізіп, әскери қызмет атқару арқылы техникалық және тактикалық білімді игеріп, әскери өмірді жан-жақты танып, тұлға болып қалыптасуына ықпал ететінін түсіндіріп жүрміз.

– Үгіт-насихат жұмысыңыз туралы тарқата айтсаңыз.

– Көп жас әскери қызмет саласында әлеуметтік пакет бар екенін біле бермейді. Мәселен, жалақысы жоғары және пәтермен қамтамасыз етеді. Сауықтыру және медициналық ем алуға мүмкіндік мол. Зейнет-

## ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Әлемдік геосаяси ахуал күрделеніп, жедел, тіпті сағат сайын өзгеруде. Осындай сәтте елдікті сақтап, Отанды қорғау маңызды. Әсіресе жастардың патриоттық тәрбиесіне мән беріп, отаншылдық қасиетін арттыру керек. Міне, осы тақырыпты Ұлттық қауіпсіздік комитетінің генерал-майоры Сейітжан ҚОЙБАҚОВ ПЕН сұхбатымызда тарқаттық.



ақысының өзі жақсы. Мәселен, ұлттық қауіпсіздік саласында зейнетке шыққаным үшін ай сайын 700 мың теңге зейнетақы аламын. Әскери борышын өтеген жастар жоғары білім алуда жақсы мүмкіндіктерді пайдалануына болады.

Енді патриоттық тұрғыда айтатын болсам, даңқты батыр Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген ұлағатын талдап, түсіндіруге тырысамын. Физикалық тұрғыда отқа түскен адам күйіп, жанады. Бірақ Отанды қорғап, ерлікпен өлген батырларды ел ұмытпайды, қашанда ұлықтап, жадында сақтайды. Баукеңнің «күймейсің» дегенінің мәні – осы. Ажалы келген адамның бірі жол апатынан, екіншісі есірткі тұтынып, үшіншісі кәріліктен көз жұмады. Бірақ Отан үшін опат болғандар халықтың жадында мәңгі қалады. Қысқасы, әскери қызмет абыройлы міндет екенін түсіндіреміз.

– Ұзақ жыл Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет еткен азамат ретінде жердің тұтастығына, елдің қауіпсіздігіне теріс әсер ететін факторларды айта аласыз ба?

– Тарихтан талай мемлекеттің империялық қуаты асып, жер-жаһанға ықпалды болғанын көруге болады. Бірақ ішкі бірлігі әлсіреп, тұрақтылығы шайқалған тұста жойылып,

өзге елдердің құрамына енді немесе ұлт ретінде жойылып кетіп отырғанын жақсы білеміз.

Ел тұтастығына қауіп төндіретін құбылысқа жемқорлықты жатқызар едім. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес өткізіп, жемқорлық ел потенциалын толық пайдалануда кері әсерін тигізіп отырғанын ашық айтты.

Әлеуметтік маңызды салаларды монополиялап, қомақты қаржыны сырт елге тасыған олигархтардан келетін қауіпті жоққа шығара алмаймыз. Үкімет осы бағытта жұмыс жүргізіп, шетел асқан қаржыны қайтаруға күш салуда. Енді мұндай ретсіздікке жол бермеу керек. Тіпті мемлекеттік тілді құрметтеу елді құрметтеумен тең деп қабылдаймын. Бойдақтар санының көбеюі дұрыс емес. Соның салдарынан ұлт демографиясының саны шектелді. Статистика бойынша ажырасудан әлемде алғашқы ондықтың ортасынан орын алдық. Мұның арты жақсы емес. Әке сұсын көріп өспеген ұл Отанды қорғауы қиын.

– Қарапайым азамат ретінде ұсынып жүрген мәселенің бар шығар.

– Израильде ер азаматтар түгіл, қыздар да әскерге тартылады. Мұны мемлекеттік

деңгейде шешіп, жастарға ортақ талап қояды. Әрі еврейдің ұлы да, қызы да бұған бағынады.

Біздің елдің әскери доктринасы әскери қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз етуге құрылған. Яғни шекаралас және алыс-жақын шетелмен бейбіт қарым-қатынас ұстану жолында өмір сүреміз.

Қазақстанда 18 жасқа толған әрбір азамат әскери ант беруі керек. Осыны заңдастыруды біраз жылдан бері көтеріп жүрмін. Сонда жастар Отан алдындағы жауапкершілігін сезініп жүрер ме еді?..

– Өзіңіздің еңбек жолыңызға келсек, әскери қызметке қалай келдіңіз?

– 1974 жылы әскери борышты Польшада атқардым. Әкем Мелдбек жолға шықпаса бұрын Бауыржан Момышұлынан бата алуымды тапсырды. Халық батыры «Әскери борышынды адал орында. Халық үшін жан пид. Мен сондай жауынгер болдым. Менің ізімді жалғайтын өздерің» деп батасын берді.

Батырдың батасына адал болуға тырысып, әрдайым жадыма берік ұстадым. Кейінгі таңдауыма да әсері болды. «Генерал боламын» деген мақсат алған жоқ, тек елге, жерге адал қызмет етуді ойладық.

1981 жылы Кеңес Одағы тұсында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде қызметті бастап,

егемендік алғанға дейін Мәскеудің түрлі қызмет тапсырмасын орындадық. 1991 жылы Ұлттық қауіпсіздік комитеті құрылып, білікті кадрлар атамекенге оралып жатты. Осы көшпен бірге келіп, комитеттің қарсы барлау басқармасын басқардым.

Кезінде КСРО жабық саясат ұстанғаны белгілі. Қазақстан халықаралық қатынаста ашық саясатты бағдар етті. Сөйтіп әлем елдерімен серіктес ретінде қарым-қатынас қалыптаса бастады. Олардың құпия қызметтерімен халықаралық терроризм, есірткі тасымалы, діни экстремизмге қарсы күресте бірлесіп жұмыс істедік. Азия мен Еуропаның транзиттік жолында тұрған біздің елден тыйым салынған тауарлардың жолын кесу міндеті тұрды.

– Елдің шығыс және батыс өңірінде жергілікті департаментті басқардыңыз. Шекараға таяу орналасқан екі өңірдің де стратегиялық мәні зор. Мұндағы қызметте неге айрықша мән бердіңіз?

– Комитет құрылғаннан кейінгі бірер жылдан соң Шығыс Қазақстан облысында Ұлттық қауіпсіздік комитеті өңірлік департаментінің тізгінін ұстадым. Сол тұста шығысты Ресейдің

Алтайына қосуды көксеген «Пугачев» аталатын қылмыстық топ бас көтерді. Бізге белсенді топтың жоспарын іске асыруға жол бермеу міндеті жүктелді. Кейіннен қылмыстық топ мүшелері сотталды. Одан бөлек, Қытаймен мемлекеттік шекарамыз бар. Алпауыт елдің мүддесі болатыны анық, Бізге Қытайдың барлаушыларын әшкерелеу ісін жүргізуге тура келді. Бұл бағыттағы жұмысымыз нәтижелі аяқталды.

Маңғыстау облысы – көмірсутегі шикізат қорына бай өлке. Ал Каспий теңізі – стратегиялық маңызы бар ресурс. 2000 жылдардың басында Каспийдің мәртебесін анықтау мәселесі толық шешілмеген еді. Осы жылдары өңірге қандастар көшіп келе бастады. Арасында қандас атын жамылған шетел тыңшылары да болды. Тексеру жұмысының нәтижесінде Иран тыңшылары анықталып, ұсталды.

– «Арыстан» арнайы қызметінде жетекшілік еттіңіз. Есте қалатын арнайы операция туралы айта аласыз ба?

– «Набат» операциясы – біздің қызметтің тарихындағы ең айтулы операция. Пойызда келе жатқан бірнеше сотталушы күзетшілерді ұрып-соғып, қаруын алып, түсіп қалады. Автожолға шығып автобусты тоқтатып, ішіндегі жолаушыларды кепілге алады. Олар кепілдегілерді босату үшін шетелге ұшатын ұшақ сұрады. Лаңкестермен келіссөз жүргізіп, олардың талабын орындауға келістік. Негізгі операция Шымкент қаласындағы халықаралық әуежайда жүргізілді. Нәтижесінде «Арыстанның» қызметкерлері операцияны дұрыс орындап, кепілдегілерді аман алып қалды. Қазірге дейін алыс-жақын шетелдің арнайы қызметі «арыстандықтардың» сол кездегі тәжірибесін жан-жақты зерттеп жатады. Негізгі арнайы операцияға 1 минут уақыт қана беріледі. Элиталық жасақ көзді ашып-жұмғанша операцияны орындап үлгеруі тиіс. «Арыстандықтар» осы үшін дайындалады.

Сұхбаттасқан Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

## ФИЗИКА ТІЛІНДЕГІ АБАЙ ІЛІМІ

Соңғы жылдары физика пәніне, оның ішінде сабақ жоспарына құндылықты қалай кіріктіру керек екенін қарастырып жүрміз. Бұған басты себеп – педагогтардың сабақ жоспарын құрған кезде құндылықты түсінбеуі, тиімді енгізе алмауы.

Сабақ жоспарына құндылық кіріктіретін тұсына «Модени мұра», «Жеті қазына», «Алтын адам» деп жазып, оның мазмұнына, мән-мағынасына тереңірек бойламайтынын, тіпті не үшін алғанын да білмейтіндер бар. «Көре-көре көсем» болып, осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат етіп, «Абай құндылықтары негізінде оқыту және тәрбиелеу» жобасы аясында біршама ізденген едік. Енді осы ілімді ізденістің нәтижесі ретінде бір-екеуін ұсынғанды жөн көрдік.

Физика пәнінде қиын да қызықты тақырыптың бірі – атом ядросы. Соның ішінде 11-сыныптың оқу бағдарламасына енген «Атом ядросы. Ядродағы уклондардың байланысу энергиясы» атты тақырыпты қарастырайық.

Атом ядросы – нейтрондар мен протондардың жиынтығы.

Оң зарядталған протондарды ұстайтын ядролық күші бар. Ядролық энергияны қуатты энергия деуге болады. Өйткені онда атом қуаты бар. Мұны зерттеген ғалымдардың қатары көп, алайда негізгілері ретінде А.Эйнштейн, Резенфорд, Чедвиг, Н.Бор сынды ғалымдарды ерекше атап көрсетуге болады.

Енді осыны оқушыларға түсіндіру барысында Абай құндылығын қалай кіріктіреміз десек, біз Абай Құнанбайұлы мен Сергей әкей арасындағы сұрақ-жауапты негіз етіп алдық. Абай мен миссионер арасындағы даулы мәселе XIX ғасырдың II жартысында орын алды. Миссионер қазақ даласындағы, әсіресе Семей өңіріндегі мешіттерді жауып, «менің сұрағымға жауап бере алса ғана ашамын» дегенде қалың ел ортаға Абайды шығарады. Сол кездегі миссионер бірінші

сұрағын: «Құдай қаһар қылса бар халықты тарының қауызына сыйғызады. Осы ақылға сыйа ма?» деп бастапты. Сонда Абай: «Сыяды. Оған мисал адам далаға шығып көзін жан-жаққа салса, барлығын көреді. Әрине, соның бәрін көрген – көздің титтей бір жанары. Махлұқ көзінің жанары соншалық нәрсені қамтуға жарағанда Құдай қаһары бар нәрсені көрген жанардан қалай» деп жауап берген екен. Көз ішіндегі кішкентай ғана қарашық арқылы бүкіл әлемді көре алатынымызды айтып, миссионерді сөзден жеңді. Бүкіл әлемді қарашыққа сыйғызуға болатыны арқылы халық та тарының қауызына сыятынын айтады. Ал физикамен байланыстыра болсақ, кішкентай ғана атом ядросының ішінде жер шарын жермен-жексен етер алпауыт күш бар. Яғни әлемнің астан-кестенін шығаратын ала-



пат қуат тарының қауызындай ғана ядроның ішінде жатыр.

Енді біз тақырыбымызды түсіндіріп, әрі оған Абай құндылығын негізінде байланыстырған соң, тұлғатану бойынша да тоқталамыз. Мәселен, А.Эйнштейн

ядроның байланысу энергиясын ашқанын, Резенфорд атомның планетарлық моделін жасағанын, Н.Бор электрондардың қозғалыс орбитасын жазғанын айтып өтеміз. Осының бәрін көздің қарашығымен-ақ

салыстырып, қарапайым тілде түсіндіріп беруге болады. Дегенмен бұл ғалымдардың ешбірі атом бомбасын жасай алатындай деңгейде болса да, бұл қадамға бармағанын тілге тиек етеміз. Бірақ атом бомбасын біреу болса, біреу ашары анық. Оны Роберт Оппенгеймер есімді ғалым жасаған болатын. Оның зардабын әлем әлі күнге дейін тартып келеді. Соның кесірінен Жапонияның Нагасаки, Хиросима қалаларын айтағанның өзінде, ұлы Абай туған қарт Семей зардабын көріп келеді. 1949-1991 жылдар аралығында киелі де қасиетті Семей даласы полигон алаңына айналды. Оқушыларға осы тақырыпты түсіндіре отырып, оның күншығыс елінен кешірім сұраған бейнематериалын да көрсетемін. Бірақ Абай атамиздың «қолымды мезгілінен кеш сермедім» дегеніндей, өткен іске өкінгеннен пайда жоқ екенін де ескертемін. Ыстық қайраты мен нурлы ақылы бар ғалымның бойынан жылы жүректің табылмағанын баса ескертемін. Әйтпесе Р.Оппенгеймер де Абай айтқан «толық адамның» бірі болар еді.

Кеңес ДАУЫЛ,  
Абай Құнанбайұлы  
атындағы №87  
мектеп-гимназияның  
физика пәні мұғалімі





## 1-СЫНЫПҚА ЕМТИХАНСЫЗ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Балалардың білімі мен қауіпсіздігі туралы заңда лицейлер мен гимназияларға 1-сыныпқа қабылдау кезінде емтихан өткізуге тыйым салатын ереже енгізілді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

### НЕГЕ ЕМТИХАН ТАПСЫРМАЙДЫ?

Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмасhev былай деді: Біріншіден, бұл норма, дайындық деңгейіне қарамастан, барлық типтегі және барлық балаға мектепке қабылдау кезінде шектеулерді алып тастайды, бастапқы білімді игеруге, танымдық қабілеттер мен әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамытуға тең мүмкіндіктер мен қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Екіншіден, тестілеуге, өңгімелесуге қатысудан психологиялық күйзеліс, конкурстық іріктеуді күтуден жағымсыз тәжірибелер жойылады. Бұл жағдай баланың

психоэмоционалды жағдайын нашарлатуы және оның денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін. Үшіншіден, конкурстық іріктеу нәтижелерін күткен ата-аналардың наразылығы азаяды, балаларды мектепке қабылдау рәсімінің қоғамдық резонансы болмайды. Өзгерістер алдағы оқу жылында 1-сыныпқа қабылданған кезде енеді. Бұған дейін елімізде мамандандырылған білім беру ұйымдарына, гимназиялар мен лицейлерге 1-сыныпқа баратын бала тест тапсыратын еді. Мамандандырылған мектептерде баламен өңгімелесу өтетін. Мекенжайына қарамастан, балаларды байқау арқылы таңдау тәртібі жоғарғы дәрежелі үлгідегі мектептерде – гимназиялар мен лицейлерде қарастырылған еді. Мұндай іріктеуде, ережеге сәйкес,

бала өзінің оқуға дайындығын анықтауға мүмкіндік беретін әңгімелесуден өтіп жүрді. Әңгімелесуді құрамына бастауыш сынып мұғалімдері, психолог және әлеуметтік педагог кіретін комиссия жүргізетін. Мамандандырылған мектептерден басқа, 1-сыныпқа қабылдау кезінде емтихан, тестілеу, сынақ, байқау жүргізілмейтін. Балаларды тестілеуден өткізуге бұл мектептердің құқығы жоқ. Олар баланы емтихансыз қабылдауға міндетті.

**ЖАЗҒЫ МЕКТЕПКЕ БАРА АЛА МА?**

17 тамыздан бастап ақысыз жазғы мектептер жұмысын бастайды. Оған ата-аналардың қалауы бойынша мектепке дейінгі мекемелерде болмаған немесе

мектепалды даярлықтан өтпеген балалар бара алады. Мектепалды дайындықпен 1-сыныпқа баратын барлық бала қамтылуы тиіс. Бұл мектепалды сынып, балабақшадағы дайындық сабақтары немесе қысқамерзімдік курстар болуы мүмкін.

### ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

Ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау баланың ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің келісімімен педагогикалық-медициналық-психологиялық консультация қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асады. Өзге құжатпен қоса, консультацияның қорытындысы ұсынылуы тиіс. Мектеп әкімшілігі балаларды 1-сыныпқа қабылдау кезінде оқу орнының басшылығы балалар мен олардың ата-аналарын қабылдау ережелерімен, жарғымен, оқу үрдісін реттеуші өзге де құжаттармен таныстыруы қажет.

### ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ ӨЗГЕРДІ

2021 жылдан бастап 1-сынып оқушыларының құжатын қабылдау маусымда емес, бірінші сәуірден басталады. Бұл өзгеріс ата-аналарға ыңғайлы болмақ. Олар мектепті алдын ала анықтап, оқуға түсу үшін қажетті құжаттар мектеп ұжымы немесе өздері еңбек демалысында болған уақытта емес, одан ертерек тапсыра алады. Денсаулығына байланысты мектепке ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру бойынша құжат қабылдау үшін үйде оқыту жөніндегі ұсынымы бар дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы қосымша ұсынылады. Баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері баласын оқыту үшін бос орын болған жағдайда кез келген білім беру ұйымын таңдай алады. Алайда бірінші кезекте сол аумақ тұрғындарының құжаты қабылданады.

## ТІЛІН БІЛГІСІ КЕЛМЕЙТІНДЕР – МӘҢГҮРТ

Тіл – халық қазынасы, ұлт жаны. Ұлттың сақталуына да, бір сәтте жоғалып кетуіне де себепші әрі ең қуатты дүние. Отбасы өзімізден, ал тәрбие тілден басталады. Ал қазіргі таңда ана тіліміздің мәртебесі қаншалықты жоғары?

Менің ойымша, әрбір адамға өзінің туған тілін, ана тілін білу – міндет емес, парыз! Себебі өміріміз тілімізбен байланысты. Ғылым-білімді үйренгің келе ме, бірінші тіліңді дұрыста. Жалпы қазақ тілі – өте бай, айтылуға ыңғайлы көркем тіл. Тіліміз бен еліміз 130-дан астам ұлттың жанашырына айналды. Иә, қазір

нағыз қазақтан гөрі шетелден келген азаматтар қазақшаны судай сапырады. Өз басым қазақша сөйлейтін, оны дәріптейтін адамды аса құрметтеймін. Тіл ереккеннің ойыншығы емес. Оның бізге жету жолы ең ауыр жол десем де болады. Сонау заманнан ата-бабаның асыл арманы тәуелсіздік, жеке дара

мемлекет құрып, ана тілде биікке ұмтылу болды. Қазір ана тіліміз де, дініміз де, тегіміз де, еліміз де азат. Азаттықтың құшағында жүріп, ана тілді төмендеткеніміз жаныма батады. Қазіргі жастар түгілі, немересіне ертегі айтып бере алмайтын қарттарымыз көбейді. Газет-журналды интернетке алмастырған заманға көштік. Жалған ақпаратты оқып алып, оны даурықтыруға шеберміз. Осының бәрі ана тілінің жойылуына тікелей себепші. Қазір тілді жоғалтып жатырмыз, ертең болашағымыз, тіпті өзіміз жойыламыз. Бұл – әрбір жанды

ойландыратын мәселе. Қоғамдағы орыс, ағылшын секілді тілдерді екінші орынға қойып, ана тілімізді дәріптеуіміз керек. Туған тілдің тағдыры – біздің тағдырымыз. Жоғарыда айтылған ойымды қорытындылай келе, дүниеде тілін білмейтіндер емес, білгісі келмейтіндер мәнғүрт деген шешімге келдім. Әлем танғын ел болу үшін ана тіліміздің жүрдізін биік етуіміз керек. Ең бастысы, өзге тілді білеміз деп жүріп өз тілімізден алыстап кетпейік!

**Аружан ЕСЕНГЕЛДІ,  
№8 мектеп-лицейдің  
11-сынып оқушысы**

## ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫ

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жаны нұр алады» деген ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының сөзі текке айтылмаған. Демек, ел болашағы – балаларға білім-тәрбие беретін әрбір мұғалім өз білімі мен біліктілігін қашанда шыңдап, дамытып отыру керек. Соның ішінде тілдік дағдыларды меңгеруді бірінші орынға қою керек деп есептеймін.

Жаңартылған білім бағдарламасының негізгі мақсатына сай оқу дағдыларын меңгеру жеке тұлғаны өмірге бейімдеуде, функционалды сауатын арттыруда көмектеседі. Бұл жайында Алаш зиялысы Жүсіпбек Аймауытов: «Балаға сөйлеңіз (тыңдасын!), жазыңыз (көрсін!), айтыңыз (тілімен қызмет етсін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!). Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Жетілген оқушы тез меңгеріп, тоқып алады. Сабақ сайын оқушының есінде

болатын бір мықты әдісі осы болу керек» деп тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуды негізге алу керек екенін айтады. Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу құралы» кітабында сөйлеу әрекетінің 4 түрін қолданған. Мәселен, оқылым әрекетін жасауда буындап оқу, тұтас оқу; жазылым әрекетінде сөздерді буындап, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру; айтылым әрекетінде сұрақтарға жауап беру; тыңдалым әрекетінде жаңылтпаштарды есте

сақтау, жатқа жазу секілді тәсілдерді қолданған. Бұл тілдік дағдыларды өмірдің барлық сатысында күнде қолданатындықтан, оны меңгерудің әдістерін тиісінше саралап пайдалаған абзал.

Балалардың қиялы шексіз екенін білеміз. Жазбаша сөйлеу тілін дамытуда оқушының шығармашылық ізденісін, ой-өрісін, еркін



жазуын, сөздік қорын молайтып, көркемдік сөздерді, нақты сөздерді, мақал-мәтелдерді орынды қолдануға баулу үшін шағын әңгіме, эссе, мақала, шығарма, мінездеме, өлең жаздыртуды болады. Мысалы 3-сыныпта Әбдірахман Асылбековтің «Асыл сөз» өлеңін оқыған соң, оған талдау жүргізіледі. Оқушыларға әжең, атаң, әкең, анаңның ақыл-кеңесін жаз немесе досыңа, сыныптасыңа кеңес бер деген сияқты тапсырма беруге болады. Сабақта талдаған ой-пікірін қорытып, өз ойын дәлелдеп, қазіргі заманмен байланыстыра отырып, кеңесін ұсынады. Көркем және шынайы жазба жасау жұмыстары ретінде ертегі құрастыру, белгілі бір кейіпкерлерді ұсынып, солар туралы әңгіме жазу, тағы басқа жазылым қиялдан туындаса, шынайы жазбаларға шағын зерттеулер жазу ұсынылады. Біріншісіне тағы да виртуалды әлемге қатысты жазбаларды жатқызсақ, екіншісіне академиялық жазбаларды жатқызсақ, үшіншісіне көркем шығармада қолданылған әдебиеттер ұсынылмайды, сілтемелер берілмейді. Осындай жағдайларда ресурс көздері жұмыстың соңғы жағында беріледі. Бұл жазылымның ерекшелігі нұнда дисплей элементтері бар, яғни жазба жұмысы демонстрацияланады. Кері байланыс ұсынылады. Хат жазу, шағын зерттеу жобасы, оқыған кітабына пікір жазу, суреттерге сипаттама жазу сияқты креативті жазбалардың барлығы дербес жазылымға жатады. Жазылымның негізгі төрт кезеңін атап өттік, нақтылайтын болсақ, бастапқы кезеңдерде көшіріп жазу орын алады, содан соң жаттығулар орындау – бұл бақыланатын жазылым, одан кейін бағыттаушы жазылымда мұғалім оқушыны бағыттап, қолдап отырады. Содан кейін оқушы дербес жазуға көшеді. Ендеше бастауыш сынып оқушыларының оқу, жазу дағдыларын дамытуда Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқулығын негізге алуға ұсыныс айтамын. Өйткені бұл оқулық әріп танғыннан бастап, оқуды үйретуді рет-ретімен көрсетеді.

## БОЛАШАҚТЫҢ БОЛЖАМЫ

Осыдан 4 жыл бұрынғы әлемде орын алған пандемия жағдайына байланысты оқушыларды қашықтан оқыту жағдайы басталды.

Осыған байланысты оқушылардың жеке дара оқшаулануы олардың сабаққа деген қызығушылығын төмендетті. Функционалды оқу сауаты төмендеді, сол себепті оқушылардың ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша түрдегі сауаты кеми түсті. Бүгінгі таңдағы ұстаздардың алда тұрған негізгі мақсаты – сабақ барысында оқушыларға инновациялық-жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, осы тығырықтан алып шығу.

XXI ғасыр – бұл өзгерістер мен бәсекелестіктің ғасыры, білім мен ғылымның жарысқа түсу ғасыры, яғни түрлі технологияның дамыған заманы. Бүгінгі заманның талабына сай әртүрлі жаңа мамандықтарға деген сұраныс күн сайын артып келеді. Ғалымдардың болжамы бойынша 2030 жылға қарай жаңадан қолданысқа 183 мамандық келіп қосылады. Кез келген мамандық иесі өзінің жұмыс орнын сақтап қалу үшін қосымша бірнеше мамандыққа ие болуы керек екені туралы айтылып жатыр. Әлемдік сарапшылардың болжамы бойынша жұмыс орнындағы бірнеше мамандық орындарын робот техникасы жүзеге асырады деп жорамалдануда. Сондықтан да халықты жұмыспен қамту деңгейі төмендеуі мүмкін екені туралы тілге тиек етілуде. Оксфорд сарапшыларының айтуынша, алдағы 20 жылда қазіргі мамандықтардың 47 пайызы жойылады деген болжам бар. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазір мектепте оқып жатқан оқушылардың 65 пайызы болашақта жаңадан пайда болатын мамандық иелері атанады.

Қазіргі таңда ұстаздардың алда тұрған басты мақсаты – жоғары сынып оқушыларының болашақ талабына сай мамандықтар таңдауына ықпал ету, жаңа заман мамандықтарының ерекшеліктері мен артықшылықтарын меңгерту, өзгерістер заманындағы кез келген талаптарға сай болу дағдыларын қалыптастыру. Мұғалім сабақ барысында түрлі ақпарат көзінен алған білімін оқушы бойына сіңіре отырып, сол алған білімін өмірде дұрыс қолдануға жетелесе, түрлі жаңашыл әдіс-тәсілді қолдана, нұр үстіне нұр болар еді.

Олай болса әр оқушы сабақ барысында жаңа ақпараттармен таныса отырып, мәліметтерді талдай алуы керек. Сол



кезде тақырып бойынша сөз саятқа қабілеті дамиды, түрлі ақпаратты сараптайды, өзара салыстыра алатын болады, жеке көзқарас тұрғысынан баға беру дағдысы қалыптасады, ойын жинақтап, қорытындылап жазуға икемделеді, өзінің қабілеті мен қалауына қарай мамандықты таңдауға бейімделеді.

Әр ұстаз өз шәкіртіне өмірде адам игілігі үшін қызмет ететін мамандықтарды таңдауға бағыт-бағдар беретін бағдарлам болуы керек. Адами құндылықтарды әр оқушының бойына шырағдан етіп жаға білуі қажет. Ақпарат технологияларының жаңа түрлерін сабақта қолдана отырып, оқушыны қызықтыратын қосымша қызықты материалдардың болуы, күнделікті әлемдік жаңалықтардың болуы, түрлі мамандық иелерімен кездесу ұйымдастыру, өндіріс орындарына саяхат ұйымдастыру арқылы тәжірибелік мүмкіндіктердің болуы, жаңашыл көзқарас қалыптастыратын интеллектуалды тақырыптардың дебат, пікірталас, жаңа мамандықтардың ерекшелігін ашу үшін қосымша әдебиеттермен жұмыс түрлерін ұйымдастырып отырса, міндетті түрде алға қойған ұстаздың әрбір мақсаты іс жүзінде жүзеге аспақ. Сөз соңында қорыта келе айтарым: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалаң» деп Абай Құнанбайұлы айтқандай, әр оқушының бойындағы қабілет-қарымын дұрыс тауып, оларға оң бағытты сілтеп жіберсек, нұр үстіне нұр болар еді, қадірменді ұстаздар!

**Айнагүл МАЙЛЫБЕКОВА,  
№45 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәні мұғалімі**

страцияланады. Кері байланыс ұсынылады. Хат жазу, шағын зерттеу жобасы, оқыған кітабына пікір жазу, суреттерге сипаттама жазу сияқты креативті жазбалардың барлығы дербес жазылымға жатады. Жазылымның негізгі төрт кезеңін атап өттік, нақтылайтын болсақ, бастапқы кезеңдерде көшіріп жазу орын алады, содан соң жаттығулар орындау – бұл бақыланатын жазылым, одан кейін бағыттаушы жазылымда мұғалім оқушыны бағыттап, қолдап отырады. Содан кейін оқушы дербес жазуға көшеді. Ендеше бастауыш сынып оқушыларының оқу, жазу дағдыларын дамытуда Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқулығын негізге алуға ұсыныс айтамын. Өйткені бұл оқулық әріп танғыннан бастап, оқуды үйретуді рет-ретімен көрсетеді.

**Назира УТЕШКАЛИЕВА,  
Әлихан Бөкейхан атындағы  
№76 мектеп-лицейдің  
бастауыш сынып мұғалімі**



Әдебиет сүйер қауымға Роза Мұқанова «Жарық дүние», «Дүние кезек», «Құдірет кие», тағы басқа да әңгіме, хикаяттарымен етене таныс. Әсіресе, жазушының «Мәңгілік бала бейне», «Қыз жылаған» шығармалары дәуір шындығын паш етумен құнды. Әрі кезінде көпшіліктен өз бағасын алып үлгерген туындылар. Пьесалары сахна төрінен орын алса, киноға өзек болған шығармалары да бар жазушы-драматургке 2020 жылы «Сарра» драматургиялық шығармалар жинағы үшін Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

– Роза Қажығалымқызы, сіз танымал жазушысыз, классик жазушының жарысыз. Қоғамның тынысына, заманның үніне құлағыңыз түрлі жүретіні белгілі. Бүгінгі күні сізді не толғандырып жүр?

– Адам ретінде елде әрқашан тұрақтылық, бейбітшілік болғанын қалаймын. Мемлекетіміз қарыштап дамыса, өркендесе екен деймін. Ана ретінде ұрпағымыз бақытты өмір кеше екен деп тілеймін. Ал жазушы ретінде шығармаларымның өміршеңдігін қалаймын.

Шығармашылықтағы жетістік адамды қуантты ғана қоймайды, жетілдіреді. Жетілу деген де – еңбек!! Әйгілі шығармаларына жазушының бүкіл ғұмыры кетеді. Жазушы еңбегі – ең ауыр еңбек, себебі оған ешкім көмекке келе алмайды. Қолға алған ісін бастап, жанкештілікпен өзі ғана аяқтап шығады. Осы жолда ізденіс те, тоқырау да, үзіліс те, торығу да, кедейшілік те, тіпті аштық та бәрі өзінің басынан өтеді. Сондықтан көп жағдайда шығармашылық әркімге бақыт әкеле бермейді деп ойлаймын.

– Бүгінгі әдебиеттің ахуалы, ақын-жазушылар туралы не айтудың болады?

– Ахуалы бәлдендей жақсы деп айта алмаймын. Бірақ әдебиет жоқ деп айту да үлкен әбестік болар еді. Қуанатыным, әдебиетке келген, орнын тауып үлгерген талантты жастар бар. Поэзияда, прозада, драматургияда бой көрсетіп үлгерген саусақпен санарлық ойлы жастарды байқаймын. Меніңше, әдебиетті осылар жетілдіреді, осылар жасап, түрлендіреді. Олардың көп болуы да шарт емес. Негізі, таланттар көп болмайды.

Әлеуметтік желідегі бір жазбасында жазушы Жүсіпбек Қорғасбек «...Шын мәнінде ақын-жазушылар арасында рушылдық ешқашан болған емес. ...Жазушылар ру-ру болып қырқысады дегеннің бәрі – миф» депті.

Жасыратын несі бар, жазушылардың арасында рушылдық бар! Оны бүркемелеп жапқаннан, сипақатқаннан гөрі бұл дертті көзіне бадырайта айтып, рушылдықтан арылуын айыптап, дер кезінде талап еткен жөн. Сонда бәлкім, олардың қатары азаяр. Негізінен, өзіне сенімсіз, талантсыз жазушылар рушылдыққа үйір келеді. Сойлы соғатындарды маңайына жинайды. Немесе бір рудың көсемі болуға тырысады.

Қалың жұртқа белгілі менің «Фариза», «Бопай ханым» спектакльдерім сахнаға шыққанда Маржан Ершу деген ақын «Біздің адайларды Мұқанова неге жазады? Адайларды адайлар ғана

Роза МҰҚАНОВА:

## ДАРЫНЫ КЕМДЕРДІҢ ДАБЫРАСЫ КӨП БОЛАДЫ

жазу керек! Ол – біздің өзіміздің тақырып. Мұқанова бұл тақырыптарды жаза алмады, өте нашар жазды. Ұялғаннан мен өзім Бопайды жазуыма тура келді. Ол өзінің өңірін, Семей жақты жазсын!» деп көсіліпті. Шынын айтқанда, осыған бір адам «мәу» демеді. «Мұның ұят!» демеді. Ол аздай-ақ, «Мұқанова біздің өңірден Атырау облысының әкімі Ноғаевтан миллиондап қаражат сұрады!» деп жазды. (Сотқа беруге болатын - жала).

Мен Нұрлан Ноғаевты тіпті жүзбе-жүз көрген адам емес, ақша сұрамақ тұрмақ. Мен өзімнің туған өлкем Өскемен, Семейдің әкімдерінен ешнәрсе сұраған жан емеспін. Мен әдебиетке келгенде ершулар әдебиеттің маңайында да жоқ болатын. Бірақ рушылдықты қоздыру осындай әлсіз, мінезсіз, әдебиетте жазғанынан айқайы көп, өзін-өзі күлдіріп, содан ләззат алатындар да болады. Рушылдықты ту етіп көтерсем, соңымнан халық ереді деп ойлайды. Өкінішке қарай, расында оларды қолдайтын «ұрда-соқ!» апалары мен ағалары

да табылып жатады. Сондықтан мұндай «әдіс», «тәсілді» қолданатындар жетерлік.

Фариза ақынды – адай, Бопай ханымды адай дегенде не ұтпамыз? Мақсат не? Бұл жалпы ұлт әдебиетінен де, әлем әдебиетінен бейхабарлық емес пе?! Рушылдықты дерті бар мәстерлер қашанда қоздатып келді. Атақ алу үшін, қызметке қол жеткізу үшін. Рулық, тайпалық сана – қазақтың соғыс құралының бір түрі. Сенбесеңіз, Жазушылар одағының съезі болатын әр кезеңді еске алыңыз. Сол септі Жазушылар съезіне 2004 жылдан бері бармадым. Әділін, ақиқатын айтқан жөн. «Ауруын жасырған өледі» деген бар.

– Өткен жылдан бастап «Қазақстанның халық жазушысы» атағын қайта бере бастады. Осы құрмет лайықтыларға көрсетіліп жүр ме? – Меніңше, бұл атақты жылда қоздатып бере берудің қажеті жоқ.

Мемлекеттік сыйлыққа байланысты да осыны айтқым келеді. Жалпы бірде-бір шығармасы қоғамда танылып үлгермеген жазушы өзін Мемлекеттік сыйлыққа ұсынбауы керек деген ойдамын. Сосын екі жылда бір емес, бес жылда бір рет берілсе, соған орай сыйақысы да қомақты болғаны дұрыс болар еді.

– Бүгінгі қазақ драматургиясы мен киносы туралы не айтудың болады?

– Бір шындықтың басын ашып айттайын, кинорежиссер де, театр режиссері де қазақтың фольклорын да, эпостық дастандарын да, төл шығармаларын да оқымайды. Не бар, не жоқ екенінен бейхабар. Олар сол баяғы әлемдік сахнада әбден жауыр болған классикалық шығармаларды көшіре-көшіре,

аударып-төңкеріп, одан әрі адаптация жасаған болып, өздері соны «дұрыстап, жазған болып» Сервантестің, Шекспирдің, Чеховтың, М.Әуезовтің шығармаларын қайта жазған болып, малтасын езіп жүрген жайы бар. Әсіресе, Қалибек Қуанышбаев театрының кейінгі спектакльдері қатты сынға ұшырап жүргені байқалады. Сыннан еш өзгеріс жоқ.

Халықаралық фестивалден көрген спектакльдерін қазақ сахнасына бұрмалап, көшіре салады. «Аңқау елге арамза молда» деген осы шығар?

Қазіргі заманда театрдың көркемдік жетекшісінің актер болуы міндетті емес. Актер жеке басының танымал болуына ғана қызмет жасайды.

Спектакль мен кино түсірілімдерінен қолы тимейді. Театрды танымал ету керек. Драматургтер мен режиссерлермен ымыраға келіп, адалынан жұмыс істеу, шетелдік режиссерлермен жүйелі, шығармашылық байланыс орнату, халықаралық театр фестивалдерін ұйымдастыру. Қандай мол мүмкіндіктерден құралақан қалып отырмыз.

– Қазақ тілінің қазіргі жай-күйі туралы ойыңыз қандай?

– Мемлекеттік тілдің жай-күйін сөз қылғанда ауызды кү шөппен сүрте беруге де болмайтын шығар. Бұл бағытта қоғамда аз да болса ілгерілеу бар. Қазір мемлекеттік қызметкерлер қазақ тілінде еркін сөйлей бастады.

Талап сол – қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін! Әрине, өтпеген-айлар әлі де жетерлік. Мемлекеттік телефирмаларда тілді шұбарлап сөйлеу үрдісі белең алып барады. Міне, көп болып осы келеңсіздікті тоқтату керек. Бұл тұрғыда құзіретті органдар тарапынан қатаң талап болуы керек деп ойлаймын.

“

Бір шындықтың басын ашып айттайын, кинорежиссер де, театр режиссері де қазақтың фольклорын да, эпостық дастандарын да, төл шығармаларын да оқымайды. Не бар, не жоқ екенінен бейхабар

Миллиондаған көрермені бар теледидардың қоғамға ықпалы күшті екенін естен шығармауымыз керек.

– Әдебиеттің аға буыны өкілдерінің шығармалары туралы не айтасыз? Бүгінгі заман ағымына, қоғам тіршілігіне көңіліңіз тола ма?

– Қазақ әдебиеті әлемдік классикалық әдебиеттің деңгейіне әлдеқашан көтерілген. Біздің қазіргі әдебиеттің беделін өткен ғасырдағы 60-жылдар әдебиеті әлі ұстап тұр. Алдыңғы буын классиктердің шығармасы бүгінгі әдебиеттің жыртығын жамап-жасқап келеді.

Біз өзгеріске ұшырап бара жатырмыз. Бұл өзгеріс тек бізге ғана қатысты емес, адамзаттың даму үрдісінің бәрімізге әсері бар. Оның жақсы жағы да, келеңсіз тұстары да көп. Қоғамда еңбекқор адамдар аз емес, жатып ішер жалқаулар да бар. Қатыгездік, қайырымсыздық үстемдік алып барады. Бұл, әрине, терең ойланатын дүние.

– Әйел бақыты, ұрпақ тәрбиесі туралы не айтасыз?

– Бақыт туралы айта алмаймын. Бұдан жастау кезімдегі сұхбаттарымда да адам өзінің бақытты, бақытсыз екенін біле-түсіне бермейді дегенім бар. Өмір сын сағаттардан тұрады, соның барлығына шыдамдылық, терендік керек.

Негізі о баста адам бақыттан жаратылған болар, өйткені оған ерекше сана берген ғой. Сана – бақытты да, бақытсыз да ете алады.

Әйелдің негізгі үш міндеті бар деп ойлаймын. Сүйікті болу, отбасына қызмет ету, ұрпақ тәрбиелеу! Міне, осылар орындалса, әйел өзін толық бақытты сезіне алатын шығар?! – Жазушыларға қазір кеңес заманындағыдай қаламақы төленбейді. Егер шығармашылық өз дәрежесінде

бағаланса, Қазақстанның Еңбек Ері мен екі Мемлекеттік сыйлықтың иегері бар сіздің отбасыңыз ең бай адамдар болар ма еді?

– Мен ең бай адам болуды армандаған емеспін. Қоғамдағы олигархтардың зәулім тас үйлеріне де қызыққан емеспін. Шығармашылық жұмыспен еркін айналысуды ғана армандадым. Біз табиғат аясында өмір сүруді армандадық. Орман-тоғайы, өзен-суы бар жерде қарапайым ғана үйіміз болса, у-шудан жырақ, жазып ғана өмір сүрсек дейтінбіз. Оған қол жеткізе алмадық. Бізге күндіз мекемеде қызмет істеу бұйырды да шығармашылықты негізінен түнде жазу пешенемізге жазылды. Қаламақы болмағандықтан, екеуміз де қызмет істедік. Табиғатты өте жақсы көреміз. Жаз келсе қаланың сыртына шығып, орман-тоғайды аралап кетеміз. Ең үлкен бақыт – табиғаттың сырын ұғып, онымен мұңсыз өмір сүру!

– Әкім Тарази, Дулат Исабеков және өзіңіздей драматургтердің шығармаларын кино тіліне айналыру керек сияқты. Әйтпесе, «Таптым-ау, сені» дегендей дүбара фильмдер экранды жаулап бара жатқандай ма?

– Бұл мәселе маған дейін де көп айтылған. Киноның майын ішкен Әкім Тарази да кезінде үлкен мәселе көтерген. Бірақ сол кезде де өзгерген заң да, өзгерген министр де болмады. Осы екі сала әдебиет пен кино – сауатты заңға зәру. Оған дейін әркімнің пысықайлардың пайдасы артып, қазынаның қаражаты шашыла береді.

Ақыры сауал қойған екенсіз айта кетейін. Жақында Мәдениет министрлігі киноға бюджеттен бөлген қаражат көздерін ашық деректермен жария етті. Сонда Әкім Таразидің «Тырна, тырна, тырналар...» шығармалары негізінде көркемфильм түсірген. Фильмнің бюджеті 422 000 000 (төрт жүз жиырма екі миллион). Соның авторға қойған қаламақысы 1% пайызға да жетпейді. Әкім Таразиге сол кезде «Мемлекет бұл фильмге ақша бөлген жоқ, ақшаны өзіміз құрап-сұрап, тауып отырмыз» деді Қанат Төребай.

Енді «бақсақ – бақа екен!» дегендей осынша қаражаттан авторға қаламақының 1%-ы да төленбеуі автор құқының заңсыз тапталуы емес пе? Енді бұған не айтуға болады?!

Қазіргі жаңа үкімет, жаңа министр бұл мәселені аяғына жеткізіп, авторлардың қаламақысын қайта қарайды деген үмітіміз зор. Әрине, ол үміт ақталса игі...

– Бізде жақсы режиссер, дарынды актерлер баршылық, алайда драматургияда тоқырау бар ма деп қаламыз?

– Бізде тоқыраудан гөрі режиссерлер мен драматургтер аз. Бірақ осы мәселеде айта кететін бір жайт «Аманат» партиясы, «Ауыл» партиясы жылда әдеби конкурс ұйымдастырады. Олар тағайындаған «Айбоз» әдеби сыйлығы да бар. Шындығына келсек, жас драматургтерге мүмкіндік көп. Жалпы алғанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ әдебиетіне үлкен қолдау көрсетіп отыр. Мәдениет және ақпарат министрлігі, көптеген қоғамдық ұйымдар түрлі конкурстар ұйымдастырып, әдебиетке қолдау көрсетіп, қаражат бөліп отыр. Бірақ оның да әділ жүйесі болу керек. Конкурста бәйге алған шығармалар неге театрға, киноға жарамсыз? Ойлану керек... Қаптан конкурстан гөрі әдебиетті дамытудың басқа жолын қарастыру керек шығар? Осы бағытта бірлесіп ойласатын дүниелер баршылық-ау.

Сұхбаттасқан  
Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ







## МЕЙІРБИКЕЛЕР МЕКЕНІ

Астана қаласы әкімдігінің «Медициналық колледж» мекемесінің тарихы 1935 жылдан, Халықтық денсаулық сақтау комиссариатының шешімімен Ақмола мейірбике мектебі болып ашылған кезеңнен бастау алады.



1938 жылы алғашқы түлектер білім алып шықты. Ал соғыс алдындағы жылдары 180 медициналық мейірбике даярлап шығарды. 1948 жылы Ақмола мейірбике мектебі базасында фельдшерлік, содан кейін акушерлік бөлім ашылады. Тың көтеру кезінде мектеп училище болып қайта құрылады, сол уақыттан бастап фармацевтерді, санитарлық фельдшерлерді, тіс дәрігерлерін даярлай бастайды. Медициналық мейірбикелерді даярлау үшін кешкі бөлім ашылды. 1961 жылы училищеге Целиноград медициналық училищесі деген жаңа атау берілді. 2016 жылдан бастап Астана қаласы әкімдігінің қаулысымен Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжі» болып өзгертілді.

Колледжде 72 кабинет пен аудитория бакалавриаттың білім беру бағдарламасын іске асыру шеңберінде қажетті жабдықтармен жабдықталған.

Олардың ішінде 9 зертхана, колледж ішінде 2 симуляциялық зал, 1 мәжіліс залы, 1 конференцзал, 1 тренажер залы, 1 медпункт, кітапхана, 2 спорт алаңы бар.

Кабинеттер мен зертханалар жұмысы білім алушылардың кәсіби қызметін қалыптастыруға, тәжірибелік дағдылар мен біліктерді игеруге бағытталған. 2018-2023 жылдарда алынған жабдықтар: жүрек-өкпе реанимациясына арналған фантомдар, емшара үстелшелері, ересек адамдар мен балалардың кеңірдектеріне интубация жасауға арналған жаттықтырғыштар, манипуляциялық үстелшелер, гинекологиялық кресло, гинекологиялық айналар, акушерлік фантомдар, әйел және ер адамға арналған катетеризация фантомдары, химиялық кабинетке арналған құралдар (реактивтер, ыдыстар, колбалар және т.б.), 5 аяқты дөңгелек тіреуіші бар Сэм алып қаңқасы, хирургиялық

манипуляцияларды игеруге арналған жаттықтырғыш, ойық жараларды емдеп үйренуге арналған имитатор, 5 бөліктен тұратын әйел жамбасы мен жыныс мүшелері, әйел жамбасы мен жыныс мүшелерінің қаңқасы, баланың туылуын көрсететін жамбас үлгісі, баланың туылу имитаторы, медбике көріп, білу үшін жасалған жаңа туылған нәресте үлгісі, бұлшық етке, көк тамырға және теріге инъекция жасап үйренуге арналған имитатор, түрлі жастағы науқас адамдарға күтім жасауға арналған манекендер.

Инклюзивті білім беру бойынша кабинеттерді жабдықтау мақсатында тифложабдық сатып алынды: студенттердің көру мүшесінің зақымдалуына байланысты кітап оқу үшін арналған автономды құрылғы, стационарлық бейнеулкейткіш, бедерлі-нүктелі Брайль қарпімен тактильді графиканы басып шығарғыш.

Колледж ішінде 3 информатика кабинеті, 27 мультимедиялық кабинет, интерактивті тақталармен және мультимедиялық проекторлармен, моноблок және қазіргі заманға сай жергілікті есептеу, интернет жүйесіне қосылған компьютерлермен, қолданбалы бакалавриат тобының студенттеріне арналған мультимедиялық кабинетімен, 2 мобильді мультимедиялық кабинеттерімен жабдықталған. Оқу орны техникалық тұрғыда алғанда, 207 компьютермен жабдықталған, олардың ішінде 204-і интернет жүйесіне қосылған. Компьютерлік техника оқу үрдісінде барлық мамандықтар бойынша сабақтар өткізу үшін қолданылады. Білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеуі және оқытушылардың қосымша сабақтар өткізуі үшін клиникалық пәндер бойынша жазылған дәрістердің қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық нұсқалары жасалған.

Ақбала САРЖАНОВА,  
колледж директоры

## ПАЙДАСЫ КӨП АРТ-ТЕРАПИЯ

Арт-терапия – (ағылшын тілінен арт - «арт» + терапия) терапия үшін өнер мен шығармашылықты қолдануға негізделген психотерапия және психологиялық түзету бағыты. Сөздің тар мағынасында арт-терапия әдетте пациенттің психоэмоционалдық жағдайына әсер етуге бағытталған бейнелеу өнері терапиясын білдіреді.

Арт-терапияның негізгі мақсаты – өзін-өзі көрсету және өзін-өзі тану қабілетін дамыту арқылы психикалық күйді үйлестіру. Өнерді емдік мақсатта пайдаланудың құндылығы мынада: ол әртүрлі сезімдер мен эмоцияларды символдық деңгейде: махаббат, жек көру, реніш, ашу, қорқыныш, қуаныш және т.б. білдіру және оны зерттеу үшін қолданылады.

– Бұл терапия не үшін және ол не береді?

– Эмоциялық күйді тұрақтандыру-

Арт-терапия – өзін-өзі көрсету арқылы адамның психикалық жағдайын үйлестіруге бағытталған психотерапия мен психологиялық коррекциядағы жаңа бағыттардың бірі. Басқаша айтқанда, күйзелістен немесе депрессиядан құтылу үшін түрлі-түсті бояу қламдарын алып сурет салуды бастау жеткілікті. Арт-терапияны қолдануды алғаш ойлап тапқан британдық суретші Адриан Хилл 1942 жылы әскери госпитальда емделіп жатқан кезде осы әдісті енгізген екен.

Бүгінгі таңда сурет салу арқылы стрестің алдын алу ғылым мен медицинадағы ең шығармашылық жұмыстардың бірі болып табылады. Ол бейнелеу өнеріне негізделген көптеген әдістерді, ассоциативті қатарларды құруды, когнитивтік интерпретацияны және т.б. Арт-те-



мен қатар, шығармашылық ойлауды дамытады. Бірақ біз оның пайдалы әсер ететін негізгі психологиялық аспектілерін қарастырамыз:

– өз іс-әрекетінің тікелей нәтижелерін байқау арқылы өзін-өзі бағалау мен өзіне деген сенімділігін арттырады;

– ашық түстерге, ұсақ бөлшектерге, әдеттен тыс пішіндерге және монотонды әрекеттерге бейім қойып, назар аудару арқылы стресс деңгейін төмендетеді;

– өз проблемаларыңызды талдау және оларды шешу жолдарын табу арқылы депрессиямен күресуге көмектеседі;

– тұлғааралық қақтығыстарды ең жақсы шешу үшін сырттан бағалауға мүмкіндік береді;

– өз іс-әрекетінің мотивтерін талдау және құндылықтарды анықтау үшін терең ойлануға ықпал етеді.

Бұл заманда стресс пен депрессиямен күресу үшін көптеген дәрілер мен әдістер ойлап табылды, бірақ бұл кеселді жеңуде арт-терапиядан артығы жоқ.

рапияны пациенттің салған суреттерін бақылайтын, түзететін және түсіндіретін кәсіби психологтар жүргізеді. Егер сізде қандай да бір мазасыздық немесе психологиялық жайсыздық болса, арт-терапевтердің тәжірибесіне сүйеніп отырып, сурет салу арқылы жаман ойлардан бірнеше минут ішінде арылуға болады және сонымен бірге бұл жаңа әдістің қаншалықты жылдам жұмыс істейтінін тексеруге болады.

Сонымен, сіз ақ қағаз алып түрлі-түсті қарындаштарды қолға аласыз. Егер бояу қалам болмаса, қарапайым қарындашпен сурет салады. Оған кіріспес бұрын сарапшылар бірнеше тыныс алу жаттығуларын жасауға кеңес береді (бірнеше тұрақты терең ингаляция және дем шығару), содан кейін жасауға кірісіңіз. Жүйке жүйесін толық тәртіпке келтіру үшін 5-10 минут сурет салу жеткілікті.

Маржан  
КАЙРАКБАЕВА,  
дәрігер-психолог

## АРТЫҚ САЛМАҒЫ БАР БАЛАЛАР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

4 наурыз – Халықаралық семіздікпен күрес күні. Әлемде қазір артық салмақты адамдар саны 1 миллиардтан асып кеткен. Ал қазақстандық дәрігерлерді елде семіз балалардың көбеюі алаңдатып отыр. ДДҰ сарапшыларының дерегі бойынша, Қазақстандағы кәмелетке толмағандардың 29 пайызында артық салмақ бар.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Осы ұйымның болжауынша, 2030 жылға қарай елімізде жарты миллион балада артық салмақ болады. Соңғы бірнеше жылда Қазақстанда 11 мен 15 жас аралығындағы артық салмақ немесе семіздікке шалдыққан балалардың үлесі 1,6 есе өсті. Қыздарға қарағанда ұлдарда артық салмақ жиі болады. Соның ішінде елде 11 жастағы балалардың артық салмақтан жиі зардап шегетіні анықталды.

Артық салмақ – II типті қант диабеті, гипертония және жүрек-қан тамырлары ауруларының дамуының негізгі қауіп факторларының бірі. ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы тамақтану жөніндегі ұлттық кеңесшісі Аққүміс Салханованың айтуынша, балалар арасындағы семіздік жағдайларының тек 5%-ы эндокриндік жүйенің бұзылуынан болады. Кәмелетке толмағандардағы артық дене салмағының 95%-да энергия теңгерімсіздігімен байланысты: тұтынылатын калория мөлшері жұмсалған мөлшерден көп. Дұрыс

тамақтанбау және көп отыру. Отбасылық салауатты өмір салтын белсенді түрде насихаттауға қарамастан, балалардың дұрыс тамақтанбау әдеттері уақыт өте асқына түсті. Мұны ҚР Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының 2018 және 2022 жылдарға жүргізген сауалнамаларының нәтижелерінен көруге болады.

Осы жылдары аптасына 1-6 рет қант қосылған сусындарды ішкен балалардың үлесі 2018 жылғы 60,2%-дан 2022 жылы 66,7%-ға дейін өсті. 2022 жылы 11-15 жас аралығындағы әрбір бесінші жасөспірім аптасына кемінде бір рет энергетикалық сусындарды ішкен. Балалардың шамамен үштен бірі ғана күн сайын жемістер мен көкөністер жеген. Күн сайын толық таңғы асты жейтін жасөспірімдер азайып келеді. Сонымен қатар физикалық белсенділік



көрсеткіштері төмендеді, балалар аз жүреді және компьютерде көп отырады. 2022 жылы кәмелетке толмағандардың тек 32,4%-ы күнделікті сағаттық серуенге немесе секцияларда жаттығуларға барған. 2022 жылы балалардың 51,2%-ы күніне екі сағаттан астам планшет, смартфон және компьютер алдында отырды. Сауалнама нәтижелеріне сүйенсек, ұлдар көбіне видео ойындар ойнайды, ал қыздар әлеуметтік желілерде сөйлеседі

және сайттарды қарайды.

Мамандардың айтуынша, балалардың дұрыс тамақтануына балабақша мен мектеп асханалары да жауапкершілікпен қарауы тиіс. Сондықтан оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасымен білім ұяларындағы ас мәзірі қайта өзгертілді. Сонымен қатар баланың тамақтануына ата-ана жауапкершілікпен қарау керек, дейді мамандар. Өйткені бала семіздігі бірқатар дерттерге душар етуі мүмкін.



Зейнет жасына жетсе де, басшылықтың өтінішімен одан әрі қызметін жалғастыру сол маман иесінің аса білікті және өте қажет кадр екенін білдіреді. Мұндай адамдарды қоғамда түрлі салаларда кездестіріп жүрміз. Ондай мықты кадрлар елорданың медицина саласында да бар. Солардың бірі – №7 қалалық емхананың Мичурин тұрғын алабындағы бөлімшесінің жалпы практика дәрігері Гүләйім Мусаева.



## «МИЧУРИННИҢ» МӘРТЕБЕЛІ ДӘРІГЕРІ

Райхан  
РАХМЕТОВА

Елорданың шет аймағына жататын Мичуриннің тұрғыны, әрі сондағы емхана бөлімшесін 7 жылдай басқарған Гүләйім Елубайқызы былтыр зейнет жасына жеткен еді. Алайда басшылық оның біліктілігі мен тәжірибесін алға тартып, одан әрі дәрігер болып жұмысын жалғастыруын сұрады. Әрине, бүкіл өмірін арнаған сүйікті жұмысымен болашақта да айналыса беруге кейіпкеріміз қуана келісті. 30 жылдан астам уақыт бойына ол халықтың денсаулығын сақтау жолында аянбай тер төгіп, әлі де тынымсыз еңбегін жалғастырып келеді.

Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген Гүләйім Мусаева ақ халатты жан бо-

луды бала кезден армандады. Колледж бітіріп, алдымен медбике болып еңбек етті. 1991 жылы Семей мемлекеттік медициналық институтын емдеуші дәрігер мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолын 1992 жылы Жамбыл орталық ауруханасының дәрігер кардиоревматологы болып бастады. Бір жылдан кейін терапевт дәрігер және терапия бөлімшесінің меңгерушісі болды. 2005 жылы елордаға көшіп келіп, «Интернациональный» алабындағы емханада дәрігер-терапевт болып жұмыс істеді. 2016 жылы №7 емхананың Мичурин елді мекеніндегі №2 ЖПД бөлімшесінің меңгерушісі қызметіне кірісті.

– Біздің бөлімшеге 1718 Мичурин тұрғыны тіркелген. Жаңа туған кішкентай сәбиден бастап, таяққа сүйеніп әрең жүрген қарттарға дейін бізге

қаралады. Менің қабылдау уақытым – көбіне түске дейінгі мезгіл. Аурулардың алдын алу, қабылдауға жазылып келген азаматтардың денсаулығын тексеріп, қай жері ауырып тұрғанын нақты зерттеп білу, сол арқылы салалық дәрігерлерге жолдама беріп, қандай дерті барын нақтылау, балалар арасында жоспарлы егу жұмыстарын жүргізу, жүкті әйелдерді қарау және тағы басқа міндеттеріміз бар, – дейді дәрігер.

Өзі үш баланың анасы, немерелерінің әжесі болып жүрген дәрігердің еңбегі еш елеусіз қалған емес. Осындай адал қызметі үшін ол Денсаулық сақтау министрлігі, Астана қаласы әкімі, Алматы ауданы әкімдерінің атынан Алғыс хаттар алған. Тағы бір маңызды марапаты «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» медаліне 2022 жылы ие болған.

«Көктем келді көңілімнің құстары қиқуламай нағып ұйықтап жатсыңдар» деп ақын жырлағандай, сол көктеммен бірге бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді әлдилеген аяулы аналар мен арулардың мерекесі де келіп жетті. Олар – қандай құрмет пен ізетке де, марапат пен мадаққа да лайық жандар. Сондықтан осы күні көктемнің шуақты күндей жадырап, жайнаған қызметтегі қыз-келіншектер туралы қалам тербеудің өзі – бір мәртебе.

## ӘДІЛЕТ ЖОЛЫНДАҒЫ АРУ

Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Осындай жанның бірі – Астана қаласы прокурорының аға көмекшісі Айжан Аймағанова. Бүгінгі күннің талабы – өз ісін жете білетін білімді де білікті жастар дейтін болсақ, Айжан осы тұжырымға толық жауап беретін ізденімпаз қазақ қызы.

Ол бұл қиындығы мен қызығы қатар жүретін өте жауапты мамандықты кездейсоқ таңдай қалған жоқ. Оған әсер еткен, ықпал жасаған өмірлік тәжірибесі мол жандар болды.

– Мен заң мамандығын саналы түрде таңдадым. Мектепте оқып жүргенде алғашқы әскери дайындық сабағынан беретін Александр Викторович Соболев деген мұғаліміміз болды. Сол кісі үнемі «Айжан, сенің жауапкершілігің мол, тапсырылған істі жан-тәнімен беріле орындайсың. Сенен жақсы заңгер маманы шығады» деп таудай талабымды қанаттандырып жүретін» дейді ол.

Арманына қанат байлаған осы сөз оны мектеп бітіргесін Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің заң факультетіне алып келді. Кейін Астана қаласындағы Қазақстан – Ресей университетін бітірді.

Еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облыстық қылмыстық істер бөліміндегі сотының бас маманы болып бастады. Әрине, саланың өз қиындығы, жұмысының қыры мен сыры болады. Алғашқы кезде тапсырылған істі нақты түсініп, меңгеріп кеткенше қиындықтар болғанын Айжан да жасырмайды. Алайда таңдаған мамандығына деген сүйіспеншілік, бойындағы жастыққа тән күш-жігер мен төзімділік оны бұл қиындықтардан лезде алып шығады.



Сөйтіп ол араға жылдар салып, жетіліп, тәжірибе жинап, Астана қаласы прокуратурасына қызметке келді. Қала прокурорының аға көмекшісі, кіші әділет көмекшісі лауазымында өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып жүр.

«Қазіргі қызметім өзіме ұнайды. Менің басты міндетім – заңның орындалуын қамтамасыз ету, заңдылықты біліп-білмей істеген шалыс қадамдары болып жатады. Осы тұрғыда адасқанға дұрыс жол сілтеп, әділеттіліктің салтанат құруына барынша атсалысуды өзімнің азаматтық та, адамдық та парызым деп санаймын» дейді біздің кейіпкеріміз.

Сонымен қатар Айжан Талғатқызы – отағасы екеуі үш бала тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. Бос уақытында көбіне перзенттерімен табиғат аясына шығып серуендегенді, спортпен айналысқанды жаңы қалайтын көрінеді. «Өзім доп ойнағанды жақсы көремін. Волейболдан командалық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып, Құқық қорғау органдары академиясы ректорының қолынан

«Үздік либеро» дипломын да алдым» дейді.

Сондай-ақ Айжан Талғатқызы прокуратура саласындағы қызметінде «Прокуратура үздігі» төсбелгісі мен 3-дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен және Қазақстан Республикасындағы үздік мемлекеттік айыптаушының бірі ретінде ҚР Бас прокурорының қолынан бағалы сыйлық пен диплом да алған. Ал прокуратура басшылығы берген Алғыс хаттарының өзі – бір төбе.

«Мен бүгінде бір кезде алға қойған мақсатыма жеткендеймін. Менің осындай жетістіктеріме деп санаймын» дейді біздің кейіпкеріміз. Сонмен қатар Айжан Талғатқызы – отағасы екеуі үш бала тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. Бос уақытында көбіне перзенттерімен табиғат аясына шығып серуендегенді, спортпен айналысқанды жаңы қалайтын көрінеді. «Өзім доп ойнағанды жақсы көремін. Волейболдан командалық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып, Құқық қорғау органдары академиясы ректорының қолынан

## ОҚУШЫ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН...

Гайния Ахметованың Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейінде қызмет істегеніне 18 жыл болыпты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – ұжымда білімді, білікті педагог ретінде абыройлы жан. Оқушылар ұстазының балаға деген жанашырлығы үшін, қарапайымдылығы үшін құрмет тұтады.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

Гайния Сандыбайқызы қазіргі Ұлытау облысы Қарсақбай кентінде қарапайым ғана отбасында дүниеге келген. Бала күнінен мұғалім болуды армандаған және өзінің жүрек қалауымен бүгінгі күні өз мамандығы бойынша көп жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан асыл ұстаз, әрі аяулы ана. Өзі «Ұстазым 4-сыныптан сынып жетекшісі әрі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Айторы Мұқанқызына еліктеп өстім» дейді. Бүгінде ұл-қыздарымен өсіп, өніп отырған Гайния Сандыбайқызы – мектепте оқушыларын ғана емес, үйде немерелерін де тәрбиелеп отырған ұлағатты әже. Жұбайы Мақсұт Байгелов екеуі 30 жылдан аса жұптары

жазылмай өмірдің ащы-тұщысын бірге көріп келеді. Үлкен-кішіні бірдей қарсы алатын қонақжайлылықтары өздері тәрбиелеп отырған ұл-қыздарының бойына сіңгенін көпшілік ерекше құрметпен сөз етеді.

– Үлкен балам Гайния Сандыбайқызының тәрбиесін алып еді, қазір кіші балам да осы ғажайып мұғалімнің сыныбына келді, соған қуанамыз, ол кісі баланы мықты тәрбиелеп шығарады ғой, – дейді ата-ана Қалжан Ермағанбетова.

– Мектептен түлеп ұшып кетсек те, біздер, шәкірттер, әлі күнге дейін Гайния апайымызды сағынамыз, жүрегіміздің төрінде, өйткені ондай тамаша педагогты ұмыту мүмкін емес, – дейді шәкірті Әдемі Әміреева.

Гайния Ахметова еңбек жолын 1990 жылы Жезді ауданындағы №6 мектепте бастады. Ол кезде елде қиын жағдай

қалыптасып, экономикалық тоқырау болған тұс еді.

– Мұғалімдік – менің жай кәсібім емес, ол менің өмірім, ішкі әлемім. Тұрмысқа шығып, ата-ененің, үйде шиегтей балалардың ішінде үйдің үлкен келіні ретінде жұбайымның жүгінін бір жағын көтерісіп, тіршілік етуім керек болды. Ол кездегі мұғалімнің айлығы шайлығына жетпесе де, балалармен жұмыс жасаудың әрбір сәтінен өзімізге зор күш табатын едік, – дейді Гайния Ахметова.

Астанаға келгенді Гайния Сандыбайқызы Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, сынып жетекшісі ретінде абыроймен қызмет атқарып келеді. Қазіргі таңда үш ауысымды, бала саны көп мектептердің бірі болғанына қарамастан, ұжым тұрақты, ауызбірлігі жарасқан, жауап-



кершілігі жоғары педагогтар оқушыларға білім беріп келеді. Жаңадан ортаға қосылған жас мамандарға тәжірибелі ұстаздардың берері мол. Сондай-ақ жастардан үйренер тұсымыз көп-ақ, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

– Қазір XXI ғасыр – ғылым мен техниканың қатар дамыған кезі. Сондықтан да жастар-

дан да үйренеріміз мол, менің тәжірибем жетеді, көп білімді дей алмаймын, білмейтінім де жетерлік, біз жастармен бірге дамудың келесі кезеңіне қадам басуымыз керек, – дейді тәжірибелі ұстаз.

– Бұл кісінің бойындағы тағы бір жақсы қасиеті бастаған ісіне аса тындырымды. Алдындағы әрбір шәкіртіне асқан жауап-

кершілікпен қарай алатын жан. Сабақ беретін сыныптарын жарты жолдан тастап кетпейтін, керісінше, өзінің жасаған ісінен үнемі нәтиже күтетін әрі жемісін жейтін тағы бір қасиетін айта кету керек. Былтыр жеті жыл сынып жетекшілік еткен бір сыныбы мектеп қабырғасын тәмамдап алдында «бұдан кейін сынып алмайтын шығармын, мына балаларым мектепті бітіріп қана кетіп бара жатқан жоқ, менің ішкі дүниемнен бір әлемімді алып бара жатқандай күйдемің» деп көңілі босағанын көрген әріптестері «апырмай, мұғалімнің бәрі балаға дәл осы кісідей бауыр басса, онда мектепке кейін іздеп келмейтін түлектер болмайтын шығар» деген ойда қалған көрінеді, – дейді мектеп-лицей директоры Гүлжан Төлеуова.

«Мұғалім – кәсіп емес, қасиет» деп жатады. Гайния Сандыбайқызынан білім мен тәрбие алған әрбір оқушының бойынан адами құндылықтың асыл қасиеттерін көргенде осы бір ойдың растығына көз жеткізгендей боларсыз. Тек соңғы үш жылда қалалық, республикалық деңгейде оқушыларын жетелеп, 33 марапатқа ие болған тәжірибелі ұстазға шығармашылық табыс тілейміз.



№27 (4615) 05/03/2024 Сейсенбі

«Вольный горец» газеті 1920 жылдың маусым айындағы бір санында: «Жапон үкіметі ... қазақ үкіметіне арнаулы техникалық білім алғысы келген қазақ жастарын Жапонияға жіберуді ұсынды... Бірнеше студент пен студент қыз Жапонияға аттанып та кетті» деп жазады. Осы қысқаша хабар Алаш Республикасы мен Алаш Орда үкіметінің тағы бір беймәлім, бірақ жарқын жұмбағын ашып берді.

## АЛАШ ОРДА ЖАПАНОДАҒЫ ЕЛДІ НЕГЕ ЖАҚЫН ТҰТТЫ?

немесе 104 жыл бұрын қазақ студенттерінің Жапонияда оқығаны турасында...

**Т** и ф л и с т е (Тбилиси) 1919-1920 жылы шығып тұрған орыс тілді «Вольный горец» газетінің 1920 жыл 21 маусым санындағы «Қазақ студенттері Жапонияда» атты хабары 1917-1920 жылдары жасаған Алаш Ұлттық Республикасының тарихи сан қырлы әрі оның әлі ашылмаған жұмбағы көп екенін айғақтап берді. Енді бұл хабардың растығын және маңызын талдаудан бұрын оған дейінгі тарихи оқиғаларды қысқаша шолып көрейік.

Алаш Орда жалпыұлттық қазақ-қырғыз кеңесінің (үкіметінің) Күншығыс елінің үкіметіне 1919 жылғы қаңтарда жолдаған хаты (Жапония сыртқы істер министрлігінің сыртқы саясат тарихи мұрағатынан 2021 жылы табылды), Қазақстандағы 1928-1933 жылдардағы адамзат тарихында баламасы жоқ сұмдық ашаршылық пен 1920-1950 жылдардағы жаппай қуғын-сүргінге қатысты миллиондаған мұрағат құжаты немесе ХХ ғасыр басындағы тұңғыш қазақ басылымдарының материалдары сынды соңғы 2-3 жылда ғылыми айналымға түскен тың тарихи айғақ-деректер «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысы мен партиясы және Алаш Республикасының тарихын зерттеу-зерделеу әлі ұзақ уақыт талап ететін дәлелдейді. Қазақ халқы үшін тарихи маңызы шексіз бұл құбылыс бұрынғы кеңестік мемлекеттермен қатар, Азия мен Еуропаның Франция, Швейцария, Қытай және Жапония сияқты елдерінің мұрағат, кітапхана, мұражай және жеке адамдардың жинақтарынан тың дерек іздеуге ондаған жылды талап етеді.

Мысалға, Алаш Орданың 1918-1920 жылдардағы іс-қимылына қатысты Күншығыс елінен табылған бірнеше құжат Алаш Орда үкіметінің сыртқы саясаты кеңістігін (географиясын) бұрынғы Ресей империясы шекарасынан асырып дүниежүзілік деңгейге бір-ақ жеткізеді. Ол құжат Жапония Сыртқы істер министрлігінің сыртқы саясат тарихи мұрағатынан екі жапон ғалымы – Рёсуке Оно мен Томохико Уяманың 2021 жылы тапқан Алаш Орда хаты. Екі ғалымның осы құжатты талдаған мақаласына қарағанда, 1919 жылдың қаңтарында Алаш Орда жапон үкіметіне Алаш пен тағы бірқатар түркітілдес халықтың қайта құрылған ұлттық мемлекетінің (Башқұрт, Ішкі Ресейдің түркі-татар ұлттық басқармасы, Түркістан мұхтариаты) тәуелсіздігін мойындау, олармен екіжақты дипломатиялық қарым-қатынас орнату, қаржылай, сауда-экономикалық, әскери және т.б.

көмек көрсету туралы хат жолдаған. Құжатта Алаш Орда үкіметінің 1919 жылдың қаңтарында Парижде басталған халықаралық бейбіт конференциясына өз өкілін жіберуді көздейтіні айтылып, жапон жағынан соған қатысушы алып елдер тарапынан Алаш Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін мақұлдауына ықпал етуін өтінетіні жазылыпты.

Ерекше маңызды мәселе: II Жалпыұлттық құрылтайда ұлттық жерді автономия деп жарияланған Алаш федеративтік мемлекеттің құрамдас бөлігі ретінде заңдық тұрғыдан автономия емес еді. Себебі федеративтік мемлекеттің өзі болған жоқ-ты. Соған орай «Алаш» көсемдері бастапқыда болашақ Ресей федерациясының құрамына өз ықтиярымен қосылатын автономия құруды ойлағанымен, ол ойынан аттап, іс жүзінде егеменді Қазақ ұлттық мемлекетінің іргетасын қалауға кіріскенін растап, мойындау керек.

Алаш Республикасының үкіметі – Алаш Орданың егеменді сыртқы саясатын

арадағы келіссөзінің үстінде «адмирал патшалыққа қайта аппаратын баспалдақ» екеніне көзі жетті. Колчак үкіметімен кезекті келіссөзінде Алаш Орда қаласына (Алаш Республикасының уақытша астанасы; Семей іргесіндегі бұрынғы Заречная слобода кенті 1917 жылы мамырда Алаш болып өзгертілді – С.А.) оралысымен, үкімет отырысында Алаш Орда төрағасы Әлихан Бөкейхан: «саяси оқиға патшалық мемлекетті қайта тірілту бағытында өрбіген жағдайда ұлттардың егемендікке қол жеткізуі мүмкін емес» деп мәлімдеді. Осы саяси ахуал Алаш Орданың Жапонияның ықпалы мен қолдауы арқасында өз тәуелсіздігін мойындату мақсатында жапон үкіметіне жүгінуге бел буғаны анық. Оның үстіне 1918 жылдың 11 қарашасында I дүниежүзілік соғыс аяқталып, Германияға қарсы соғысқа қатысқан, оның ішінде немістердің жеңілісі нәтижесінде жаңа құрылған мемлекеттер де бар, 27 мемлекет Париждегі бейбіт конференцияны ұйымдастыруға қызу кірісті. Бей-

астыртын жолмен шетел асты. Оның басты мақсаты – қаңтар айында Парижде басталған Бейбіт конференцияға Алаш Орданың өкілетті өкілі ретінде қатысу болса керек. Француз Сыртқы істер министрлігі қызметкерінің қызметтік хатындағы «Түркістан ұлттық ұйымдарының ұсынысы бойынша Мұстафа Шоқай Еуропаға мұғажыра кетті» деген жазбасы – соның бұлтартпас дәлелі.

Райымжанның Алаш Орда атынан Жапон үкіметіне тапсырған хатын зерттеген ғалымдар Р.Оно мен Т.Уяманың болжауынша, Жапониямен қарым-қатынас орнатуды Алаш Орда мен Башқұрт үкіметтері бірге жоспарлаған. Оның дәлелі ретінде екі ғалым Алаш, Башқұрт және Түркістан жетекшілерінің 1918 жылдың 7-8 сәуірінде Уфада өткен жасырын басқосында осы үш ұлттық мемлекеттегі ахуал жайын Күншығыс елі арқылы халықаралық қауымдастыққа жеткізу үшін өз өкілдерін Құлжаға (Шығыс Түркістан, Синьцзян) жіберу жөнінде уағдаласқан. 1918 жыл-

Қыр халқы «жапондар – қазақпен ұлттық туыстығы бар кәдімгі мұсылмандар» деген аңызды қуана қабылдады. Олардың ойынша, қазақ пен жапонның туыстығын портреттердегі жапон мен қазақтың бет-жүзінің ұқсастығы толық растағандай еді. Міне, осының бәрі қазақты зор қызықтырды...»

Бұл деректі «Алаш» қайраткері Халел Досмұхаммедұлының студент күніндегі бір хаты толықтырады. Халелдің 1904 жылы 7 қазанда Қазан қаласындағы ветеринария институтының студенті Ғұбайдолла Бердіұлына жолдап, бірақ патшаның қауіпсіздік қызметінің қолына түскен осы хатында былай дейді: «Өзіңнен басқа ондаған, тіпті жүздеген қазақтың жоғары білім алып жатқанын көргенде, бұл халық та еңбекке, өркендеп дамуға қабілетті. Ендеше бұл халық, бәлкім, келешекте әлемдегі дамыған елдердің қатарынан құрметті орын алады-ау, тіпті екінші Жапонияға айналар ма екен» деген түрлі ойға қаласын.

Халел 1909 жылы С.-Петербург императорлық әске-



жаңғыруы» (оны «Мәйдзі төңкерісі» деп та атайды. – С.А.) бағдарламасын жүзеге асырудың арқасында өзінің қазіргі зор қуатына қол жеткізді. Жапон ұлттық мемлекетінің және жапон ұлтының қалыптасуы осы «Мәйдзі жаңғыруымен» байланыстырады. «Алаш» жетекшілері бір Күншығыс елінің үдемелі даму тәжірибесін үлгі-өнеге етіп алып, Қазақ даласында қаз-қалпында жүзеге асыруды жоспарлаған жоқ. Мысалға, «Алаш» қайраткері Қошқе Кемегерұлы кеңес өкіметінің Алаш Республикасы аумағына басып кіруінің қарсаңында былай деп жазды: «Орыс жұмысшыларының қиял қуғандағы «барша халықтың игілігі мен бақыты» сынды бос декларациясына хош келдің демей, Жапонияның тәжірибесін үлгі еткенде біз ұлттық ерекшелігіміз бен бірегейлігімізді және бірлігімізді сақтауымыз керек». Алаш Орда төрағасы Ә.Бөкейхан Күншығыс елінің үкіметімен Р.Мәрсекұлының Жапонияның Бас консулдығына (Владивосток) баруынан бір жылдай бұрын байланыс орнатты. 1918 жылдың көктемінде «Алаш» көсемі Шығыс Түркістанға (Қытай) делегация аттандырды. 1937 жылдың 6 тамызында Бутырка түрмесінде НКВД тергеушісіне берген жауабында Алаш көсемі: «Мен Байтұрсынұлы мен Дулатұлының Қытайдың шекара бойындағы Құлжа қаласына қару-жарақ сатып алуға жібердім» деп мәлімдеді.

Шығыс Түркістанға барған Алаш өкілдерінің құрамында бірде-бір Алаш Орда комиссары болған жоқ. Есесіне өкілдерді бүкіл Ұлы қазақ даласына және Шығыс Түркістан қазақтарына мөшүр А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Р.Мәрсекұлы сынды ақын, жазушы, публицист, ғалым, қоғам қайраткерлері бастап, тағы бір ақын Әсет Найманбайұлы барды. Демек өкілдердің негізгі мақсаты мен міндетін жасыру үшін оның құрамын мұқият ойластырып, іріктеп алғанға ұқсайды. Олардың Шығыс Түркістанға аттанар алдындағы қызмет-мансаптарына тоқталсам, А.Байтұрсынұлы 5-13 (18-26) желтоқсандағы II Жалпыұлттық қазақ-қырғыз құрылтайында 5 кісіден тұратын оқу комиссияның төрағасы болып сайланды, М.Дулатұлы – Торғай облысы мен Ақмола облысының Қызылжар оязында «Алаш» армиясының бөлімдерін

жасақтаумен айналысты, ал Р.Мәрсекұлы – Семей облыстық земствосын басқарды.

Алаш Орда өкілдерінің алдында қару-жарақ сатып алудан басқа тағы бірқатар өзекті мәселе тұрды. Оның бірі туралы Алаш Орда мүшесі Халел Досмұхаммедұлы былай деп түсіндірді: «...Бүкіл қазақтың басын біріктіру біздің басты мақсатымыз болды. Әлбетте, біз олар (Шығыс Түркістан қазағы) қазақ халқына өздерінің кіндік кескен жерімен бірге қосылу керек деп білдік».

Алаш Орданың делегаттары қазақтың тағы бір аса маңызды әрі жауапты тапсырмасы – Жапонияның Шығыс Түркістандағы (қытайша Синьцзян) өкілдері арқылы жапон үкіметімен қарым-қатынас орнату болды. Шығыс Түркістанның түркітілдес халықтарының зиялылары «Құлжадағы жапон консулы» деп атап кеткен Камэсуке Нагамине деген азамат осындағы жапон өкілі болуы мүмкін. Ол капитан шеніндегі жапон армиясының офицері, 1918-1919 жылдары Синьцзян (Шығыс Түркістан) өлкесінің астанасы – Үрімжіде орналасқан жапон әскері қолбашысының көмекшілерінің бірі еді (Р. Оно, Т. Уяма). Шығыс Түркістан сапарында Алаш өкілдері, әсіресе өзіне Құлжа, Шауешек не Қашғар қалаларының бірінде Камэсуке Нагаминем немесе тағы басқа бір жапон офицерімен байланысу тапсырылған Р.Мәрсекұлы соларға жолыға алды ма? Ол туралы әзірге нақты мәлімет жоқ. Себебі бұл да Райымжанның Владивостоктағы жапон консулдығына сапары сияқты «аса құпия тапсырма» еді. Жапонияның Бас консулдығына қайта оралсақ, Райымжан 1918 жылғы желтоқсанның соңында Семейден шығып, Владивостокқа 1919 жылға қаңтардың басында жетеді. Бірінші кезекте ол америкалық «Андерсен, Мэйер и Ко» компаниясымен арада Семей облыстық земство басқармасына 15 млн рубльге тауар сатып алатын келісімшартқа қол қояды. Одан соң Чехо-Словакия консулына жолығып, Владивостоктағы АҚШ-тың экспедициялық әскери корпусының қолбашысымен және қалаға әскери кемемен жүзіп келген Жапониядағы АҚШ елшісімен кездеседі.

Сұлтан Хан АҚҰЛЫ  
(Жалғасы бар)



іске асырып, Кеңес өкіметі, Сібір, Башқұрт, Түркі-татар (Еділ-Орал автономиясы), өзін өзі бүкілресейлік билік деп жариялаған (Самар үкіметі немесе Комуч, Уфа директориясы, А.Колчактың Уақытша бүкілресейлік үкіметі) үкіметтерімен арада халықаралық қарым-қатынастың дербес субъектісі ретінде екіжақты келіссөз жүргізуі сол егеменділіктің тағы бір маңызды дәлелі болса керек. Алаш Орда өзінен жоғары тұрған және егемендігін шектейтін саяси билік жоқ егеменді мемлекеттің жоғарғы мемлекеттік билігі ретінде танытты. Әйтсе де А.Колчактың уақытша бүкілресейлік үкіметі пайда болысымен Алаш Орда Халық Кеңесі күрделі жағдайға душар болды. Адмирал Колчак «құрдымға кеткен мемлекетті қайта тірілтуді», яғни патшалық Ресейді қайта жаңғыртуды аңсады. Егеменді мемлекеттің үкіметі ретінде Алаш Орда бір-бірін мойындау және кеңес өкіметіне қарсы бірлесіп соғысу мәселелері бойынша А.Колчак үкіметімен

біт конференцияға дүние жүзін қайта құрады деген зор үміт артылды. Жапон Сыртқы істер министрлігі мұрағатындағы құжатқа қарағанда, Алаш Орда бір Күншығыс елімен қатар, оның қолғабыс етуімен Париждегі бейбіт конференцияға өз өкілін аттандырды, бірақ ол ісін аса құпиялықпен атқару керек болды. Мысалға, Семей облыстық земство басқармасының төрағасы Райымжан Мәрсекұлы өзіне Жапонияның Владивостоктағы Бас консулдығы арқылы жапон үкіметімен байланыс орнату міндетін орындау үшін, «земствоға қажетті түрлі тауар мен тұрғындардың мұқтажына керек шаруашылық заттарын алу туралы шетел фирмаларымен келіссөз жүргізу» деген желеумен 1918 жылдың соңында сапарға шықты.

«Сарыарқа» газеті де Райымжанның сапарын дәл осылай хабарлады. Ал Алаш Орда комиссары Мұстафа Шоқай 1919 жылдың көктемінде – Маңғыстау оязы мен Каспий теңізі арқылы

дың 15 мамырында Қостанайдағы жиында олар Башқұрт үкіметі өз өкілін Жапонияға, Алаш Орда – Құлжа мен Шауешекке жіберуге келіскен. Жапонияға башқұрт өкілі болып Башқұрт үкіметінің төрағасы Ахмет-Зәки Уәлидидің (Уәлидов) адал үзеңгілесі, Тархи әкімі Расулев бармақ болған. Алайда чехо-словак армиясының көтерілісіне байланысты Расулев Жапонияға бара алмай қалған.

«Алаш» партиясының жетекшілері Жапонияға 1918 жылдан ерте алғаш рет 1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы кезінде назар аударды. Оған «Алаш» көсемі Әлихан Бөкейханның 1910 жылғы «Қазақтар» атты очеркінің мына жолдары дәлел: «Орыс-жапон соғысы басталды... Телеграмдар жапондардың үнемі жеңе беретінін хабарлаумен болды. Ислам ілімін таратушы қаңғыбас дәруіштің әңгімесінен бар жақсылық пен әділдік тек исламда ғана бар деп сенетін және орыстандыру саясатының зардабын көріп, ісламнан тыс еш жақсылық болмайды деп білетін

ри-медицина академиясын үздік аяқтап, «Алаш» ұлт зиялыларының қатарына қосылды. 1917 жылдың желтоқсанындағы II Жалпыұлттық қазақ-қырғыз құрылтайында Алаш Орда үкіметінің мүшесі болып сайланса, 1918 жылдың қыркүйегінде үкімет төрағасы Әлихан Бөкейханның жарлығымен – Алаш Орданың Батыс бөлімі басыларының бірі болып тағайындалды. Тарихқа сәйкес, халық саны 3 есе басым (141 млн = 46 млн), қарулы күштерінің қуаты 6 есе басым, құрлықтың 6/1-не тең жер аумағы және сарқылмас табиғи байлығы бар Ресей империясы - жүздеген аралдан құралған алақандай ғана жері бар, табиғи байлық қоры жоқтың қасы Күншығыс елінен масқара болып жеңіліп, Жапонияға Сахалин аралының оңтүстігін, Ляодун түбегін жалға алу мен Оңтүстік Маньчүр теміржолынан бас тартып, масқара Портсмут бітімне қол қойды.

Жапон елі 1868 жылы басталған «Мәйдзі» (жапон императоры. – С.А.)



## # КЕРЕК КЕҢЕС



## ИПОТЕКАМЕН ҚАЛАЙ ПӘТЕР АЛУҒА БОЛАДЫ?

Астаналықтар биыл жаңа тұрғын үй бағдарламасымен баспаналы бола алады. 1 наурыздан бастап жаңа «9-20-25» жеңілдетілген ипотекалық бағдарлама іске қосылады.

«Отбасы банк» арқылы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бұл бағдарлама – жас отбасылар үшін қолжетімді мүмкіндік.

## ИПОТЕКА ШАРТТАРЫ

Бағдарламаның пайыздық мөлшерлемесі – 9%. Бастапқы жарна 20 пайыз не одан жоғары болуы шарт.

Сатып алынғалы отырған үй кепілге қойылады. Қарызды өтеу мерзімі – 25 жыл.

## БАҒДАРЛАМАҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Бағдарлама жас отбасыларға баспана алуға көмектесуге бағытталған.

Бағдарламаға соңғы 5 жылда баспанасы болмаған жандар қатыса алады. Бағдарламада, негізінен, жұмыс істейтін жастарға басымдық беріледі.

Несиеі тек дайын үйге емес, «Қазақстан тұрғын үй компаниясының» кепілдігі бар, салынып жатқан үйлерге де рәсімдеуге болады.

## НЕСИЕ РӘСІМДЕУГЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

Жеке куәлік;  
қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының неке қию туралы куәлігінің көшірмесі (бар болса);  
соңғы 6 айдағы табыс көлемін растайтын құжаттар;  
кепілге берілетін жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттар;

соңғы 6 айдағы зейнетақы шотынан үзінді көшірме.  
Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқалары кепіл туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін банкте қалады. Банк қажет болса қосымша құжаттар сұратуға құқылы.

Бұл бағдарламамен 8 мың адам баспаналы болады деп жоспарланып отыр.

Тұрғын үй бағдарламаларының шарттары өткен жылдың жазымен салыстырғанда аса өзгере қоймаған. Атап айтқанда, бастапқы жарна көлемі – бұрынғыша 20 пайыздан басталады. Ұлттық банк базалық мөлшерлемесі 16,75 пайыздан 15,25 пайызға түсірілініне қарамастан (тамыз, 2023 – қаңтар, 2024), жылдық тиімді сыйақы мөлшері өзгермеген.

Ұлттық банктің мәліметінше, елімізде соңғы 3 жылда ипотека тақырыбы аса өзекті мәселеге айналған. Десе де, бірінші несие бюросы 2023 жылы ипотекамен баспана рәсімдеу деңгейі 17 пайызға төмендегенін мәлімдеді. Оған соңғы жылдары жеңілдікпен ипотека беретін кейбір мемлекеттік бағдарламалардың жабылып қалғаны себеп болып отыр. Өткен жылы банктер баспанаға 116600 несие берген. Бір адамға орташа есеппен 13 миллион теңгеден бөлінген. Несиелердің 70 пайызы «Отбасы банкінде», қалған 30 пайызы басқа банктерде берілген.

Бүгінде Қазақстанда «Отбасы банктен» бөлек, екінші деңгейлі 21 банк жұмыс істейді. Бірақ, олардың бәрі бірдей баспанаға несие бермейді.

Соңғы мәліметтерге сенсек, кейінгі кезде қазақстандықтар ипотекамен үй алуды азайтқан. Бірінші несие бюросының ақпаратына сүйенсек, бұған банктер мөлшерлемесінің жоғары болуы әсер етіп отыр. Мамандардың айтуынша, бүгінде



ипотека рәсімдеп жатқандардың көбі – дәл қазір баспанаға қатты әру жандар. Ал қалғандары базалық мөлшерлемесі азайып, сәйкесінше несие беру шарттарының жеңілдегенін күтіп отыр.

Баспаналы болғысы келетіндер ипотекалық басқа да бағдарламаларға қатыса алады.

## «7-20-25»

«7-20-25» бағдарламасының 2024 жылдың I тоқсанындағы қаржыландыру шегі – 25 миллиард теңге.

Бағдарлама 2024 жылдың 3 қаңтарынан бастап қайта жұмыс істей бастады. Қазіргі уақытта «7-20-25» ипотекасы 7 банкте беріледі. Олар: «ЦентрКредит банкі», «Еуразиялық банк», «Freedom банк», «Алтын банк», «РБК», «Халық банк» және «Форте банк».

Бағдарламаның пайыздық мөлшерлемесі – 7%. Бастапқы жарна 20 пайыз не одан жоғары. Сатып алынғалы отырған үй кепілге қойылады.

Қарызды өтеу мерзімі – 25 жыл. Тек құрылыс салушылардан сатып алған жаңа үйлерден пәтер алуға болады. Ол үй қолдануға берілген болуы шарт.

Жатақханаларда отбасының әрбір мүшесіне пайдалы ауданы 15 шаршы метрден кем бөлмелердің болуын, апат жағдайындағы тұрғын үйлерді есепке алмағанда, үй меншік құқығындағы үй болмауы тиіс. Несиеі бір рет қана рәсімдеуге болады.

Өтініш берушінің басында басқа ипотекасы болмауы тиіс. Займды беру және қызмет көрсету үшін комиссия алынбайды. Кепілге қойылатын мүлікті сақтандыру міндетті емес. Қажет болса, банк мұны өзі жасайды.

## ЦИФРЛЫҚ ИПОТЕКА

Өтініш берушінің жасы 21-ден асқан болуы керек. Бастапқы жарна 20 пайыздан басталады.

Берілетін қарыздың ең аз сомасы – 3 миллион теңге. Несиеінің ең жоғары сомасы – 70 миллион теңге.

Бағдарламаның пайыздық мөлшерлемесі 16 пайыздан басталады. Цифрлық ипотека барлық қажетті құжаттарды онлайн алуға рәсімдеуге мүмкіндік береді. Бағдарламада 1965 жылдан бері салынған үйлердегі ауданы кемінде 29 шаршы метр болатын пәтерлерді таңдауға болады. Табысты міндетті түрде растау қажет (егер бастапқы жарна 50 пайыздан асса, ішінара растауға болады).

Ипотека 3 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге беріледі; 3 қосалқы қарыз алушыны қосуға болады. Кез келген уақытта толық/ішінара мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі қарастырылған.

## «ӨЗ ҮЙІМ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Несие мөлшерлемесі – 3,5 пайыздан 7 пайызға дейін. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 3,6 пайыздан басталады.

Бастапқы жарна үй құнының 20 пайызынан басталады. Қарыз сомасы – 100 млн теңгеге дейін. Қарыз беру мерзімі – 25 жылға дейін.

«Өз үйім» бағдарламасына қатысу туралы өтініш берген сәтте шоттарында кем дегенде 500 000 теңгенің басын құраған банктің барлық салымшысы бұл бағдарламаға қатыса алады.

«Өз үйім» – «Отбасы банктің» жаңа салынған үйден пәтерді нарық құнынан төмен бағада беруге бағытталған жеке бағдарламасы. Бағалар нарықтағы үй құнынан төмен. Құрылыс барысында-ақ үлестік қатысу арқылы үй сатып алуға болады, ол үшін үлестік қатысу туралы келісімшарт, сондай-ақ құрылыс компаниясы мен өкілетті ұйымда «Тұрғын үй құрылысын кепілдендіру қоры» АҚ кепілдігі болуы талап етіледі.

Салымшының атында басқа үйдің бар-жоқтығы және қанша үй сатып алайын деп жатқаны маңызды емес. Салынып жатқан нысаннан пәтер таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Бағдарлама қатысушылары салық жеңілдігін ала алады. Үй сатып алынатын жерде тіркеуде тұру міндетті емес.

## «ЖАҢА БАСПАНА»

Бастапқы жарна – 50 пайыз. Сыйақы мөлшерлемесі – 6 пайыз (СЖТМ 6,2 пайыздан бастап). Келесі 3,5 пайыздан 5 пайызға дейінгі тұрғын үй несиеіне ауысу мүмкіндігі қарастырылған.

Несие сомасы – 100 миллион теңгеге дейін. Несиеі өтеу мерзімі – 25 жылға дейін.

Бағдарлама аясында алғашқы немесе қайталама нарықтағы тұрғын үй, үлестік қатысу шарты бойынша тұрғын үй алуға, тұрғын үй салуға (жер учаскесін сатып алуды қоса алғанда) болады. Оған тұрғын үй төлемдерін алушы, депозитте тұрғын үй сомасының 50 пайызы бар азаматтар қатыса алады.

## «ЖАСЫЛ ИПОТЕКА»

Жаңа бағдарлама үміткерде үйдің бар-жоғына қарамайды. Сондай-ақ жасқа да қатысты шектеу жоқ. Бастапқы жарна – 20 пайыз. Жылдық пайыздық мөлшерлемесі – 12,5 пайыз (кейін 3,5-5 пайызға дейін төмендейді); ЖТСМ – 13,3 пайыз; Несие сомасы – 35 миллион теңгеге дейін.

Алдын ала қарыз бойынша несие мерзімі – 10 жылға дейін. Несиеілеу мерзімі – 6 айдан 25 жылға дейін.

Ипотекаға тек жаңа пәтер алуға болады, яғни қайталама нарықтағы пәтерлер бұл несиеге рәсімделмейді. Сондай-ақ пәтерді тек Omir, Gost P, Breeam, Leed сертификаттары бар тұрғын үйлерден алуға болады. Ипотека алу үшін «Отбасы банктің» филиалына барып немесе қашықтан жұмыс істеу бөліміне бейнеқоңырау шалып, табысты есептету қажет. Табыс жетсе, несие алуға өтініш беріледі. Өтініш мақұлдандан, банк бөлімшесіне барып, шарт жасасып, ақшаны құрылыс компаниясына аудару қажет. Табыс жетпесе, екі бірге қарыз алушыны тартуға болады.

Тұрғын үй бағдарламасы 2023 жылдың 5 қаңтарынан бастап іске қосылған.

## «ЖАС ОТБАСЫ»

Бұл бағдарламаға заңды некеге тұрғанына 5 жылдан аспаған отбасылар қатыса алады. Ол үшін ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі де «Отбасы банктен» депозит ашып, кемі бір жыл қаражат жинауы шарт. Сондай-ақ несие рәсімдеу уақытына дейін аталған депозитке сатып алатын тұрғын үйдің 50 пайызын жинап, бағалау көрсеткішін 5 ұпайға жеткізу қажет. Айта кетейік, жұбайлардың жас мөлшеріне шектеу қойылмайды.

Мөлшерлемесі – жылдық 6 пайыз (ЖТСМ 6,3 пайыздан басталады). Несие сомасы – 100 млн теңгеге дейін. Несие мерзімі – 6 жылдан 9 жылға дейін.

«Жас отбасы» бағдарламасының артықшылығы – несиеі жаңа не қолданыстағы үй не пәтерді сатып алып қана қоймай, жер үй салуға не үйге жөндеу жұмыстарын жүргізуге де пайдалануға болады. Сондай-ақ 2 жыл өткен соң жылдық мөлшерлемесі 5 пайызға дейін төмендейтіні (ЖТСМ 5,2 пайыздан бастап) тағы бар.

## «30/70» БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұл ипотека тек пайдалануға берілген немесе салынып жатқан бастапқы тұрғын үйлерді қамтиды. Егер мүлік салынып жатқан болса, онда қосымша бағасы несиеінің кемінде 70 пайызын жабатын баламалы мүлік түріндегі кепілдік болуы тиіс. Бағдарлама шарттары мынадай:

Бастапқы жарна – 30 пайыз; Алғашқы 3 жылда пайыздық мөлшерлемесі 7-10 пайыз, 3 жылдан кейін ол 3,5 пайызға дейін төмендейді. Тұрғын үйдің ең жоғары құны – 90 млн теңге. Несие мерзімі – 25 жылға дейін.

Өтініш берушінің «Отбасы банкте» жинағы болуы міндетті. Оны ипотекаға өтініш берген кезде ашуға болады. Кепілге қойылатын талаптар: кірпіш үйлердің салынғанына 60 жылдан, ал панельді үйлердің салынған уақыты 50 жылдан аспауы керек.

- электр желілерін шамадан тыс жүктемесіз, жылыту үшін қолөнер өндірісінің стандартты емес электр жылыту құралдарын пайдаланбаңыз;
- пештерді теспенсіз, жанғыш материалдарды, кірлерді жанып жатқан пештерде кептірмеңіз;
- балаларды үйде ересектердің қарауынсыз қалдырмаңыз.

Өзіңізді және жақындарыңызды өрттен қорғаңыз, күнделікті өмірде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыз. Өрт кезінде 101 нөміріне қоңырау шалыңыз.

Есіңізде болсын, өртті сөндіруден гөрі алдын алу оңай.

Департаменттің мемлекеттік өрт бақылау басқармасы

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің хатшысы Ескендірова Майдагул Қайсарбекқызына жұбайы

**Ескендіров Ахтан Ғалым-жанұлының** өмірден озуына байланысты Астана қаласының Қоғамдық кеңесі марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қағырып, сөнкіл айтады.

## ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕСІН САҚТАҢЫЗ!

2023-2024 жылы жылыту маусымы басталғаннан бері елорда аумағында тұрғын үй секторында 129 өрт тіркелді. Тұрғын үй секторындағы өрттерде 10 адам қаза тауып, 12 адам түрлі дәрежедегі жарақат алды.

Айта кету керек, өрттің көбеюі маусымдық сипатта айқын көрінеді, табиғи-климаттық жағдайларға сәйкес айық төмен температураға бейім. Өрттің шығуы қыс айларында болады және ол

қалыпты аязға байланысты. Тұрғын үй секторындағы өрттердің негізгі себептері: электр жабдықтарын монтаждау және техникалық пайдалану ережелерін бұзу, жылыту жүйелерін пайдалану кезінде өрт

қауіпсіздігі ережелерін бұзу және отпен абайсызда жұмыс істеуден болады.

Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті (бұдан әрі - Департамент) ағымдағы жылдың 15 тамызынан бастап тұрғын үй қорында аулаларды аралау, түсіндіру, халыққа ұсынымдар тапсыру жолымен профилактикалық жұмыс жүргізіп келеді. Өз кезегінде, басты назар халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үйлерге бөлінеді. Аралау барысында

тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, улы газды анықтайтын датчик қондырылды.

Сонымен қатар, Департамент жылыту кезеңін қауіпсіз өткізуге мүмкіндік беретін бірқатар ұсыныстарды жеткізеді:

- электр сымдарына тексеру жүргізу, тозған және уақытша схема бойынша төселген электр сымдарын ауыстыру жөнінде шаралар қабылдау;





## РЕТРО ӘНДЕР МЕН РОМАНСТАРДЫ ҰСЫНДЫ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ретро-концерт пен романс кешін ұсынды.

Ретро-концертке үрлемелі аспаптар оркестрі, эстрадалық және классикалық вокал бөлімдерінің орындаушылары қатысты. Филармония ұжымдары ХХ ғасырдың ортасынан аяғына дейінгі танымал музыкалық туындыларды жинақтап, көрермендердің құлақ құрышын қандырды. Концерттік бағдарламаны қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың әндерінен попури ашты. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығы балалар студиясының тәрбиеленушілері танымал композитор Александр Зацепиннің «Көктем вальсі» мен Шәмші Қалдаяқовтың «Бәрінен де сен сұлу» әндерін шырқады. Әнші Нұрсәт Алмас театр және кино

тарланы Шәкен Аймановтың елге сүйікті «Тақиялы періште» фильмінен алынған «Тыңда» әнін орындады. Сондай-ақ «Бөтендер арасындағы жақын, жақындар арасындағы бөтен» фильмінен Эдуард Артемьевтің музыкасы ұсынылды. Көрнекті композитор Ескендір Хасанғалиевтің «Анаға сәлем» және «Сағындым сені» әндерін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арайлым Рахым мен Мұратбек Хайролла айтты. Арно Бабаджанянның «Ноктюрн» туындысын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Светлана Айтбаева, әйгілі әнші Роза Бағланова мен «Дос-Мұқасан» тобының репертуарында болған «Сұлу қыз» атты поляк әнін Парасат Отан әулетті. Ретро-концертті

қорытындылаған Еркін Ынтықбаевтың «Қазақ елі» әнін халықаралық байқаулардың лауреаты Әкімхан Мәженов және «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Ақбота Құснадин орындады.

Ал классикалық вокал бөлімі ұсынған романс кеші орыстың ұлы ақыны Александр Пушкиннің 225 жылдығына арналды. Кеш бағдарламасындағы музыкалық туындыларды негізінен белгілі опера әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, ТМД елдерінің мемлекетаралық «Достастық жұлдызы» сыйлығының лауреаты Азамат Жылтырқөзов

орындады. Соның ішінде композитор Михаил Глинканың Пушкиннің өлеңдеріне жазылған романстары болды. Атақты баритонның репертуарында Онегин (П. Чайковскийдің «Евгений Онегин»), Роберто (П. Чайковскийдің «Иоланта»), Жермон (Дж. Вердидің «Травиата») сияқты операларда партиялар бар.

Концертке филармонияның классикалық вокал бөлімінің солисі, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты Шахризада Тыныштық қатысып, Николай Римского-Корсаковтың туындылары мен Ғазиза Жұбанованың «Татьяна хаты» әнін шырқады. Туындылар фортепианоның сүйемелдеуімен орындалды. Кештің концертмейстері – классикалық вокал бөлімінің көркемдік жетекшісі, Мәдениет саласының үздігі Роза Шотқалиева.

## ҚИЫНДЫҚТЫ ЖЕҢГЕН ҚАЙСАР ӘЙЕЛ

«АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінде «АЛЖИР»-дің тірі куәсі тақырыбында дәріс өтті. Онда әйелдер лагерінің тұтқыны Анна Енданованың өмірі, ауыр тағдыры туралы айтылды.



Анна Енданова 1917 жылы Владивосток қаласында дүниеге келген. Оның жұбайы Лев Енданов Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) тергеушісі болды. 1937 жылы ол тұтқынға алынып, ату жазасына кесілді. 1938 жылы 31 шілдеде «Отанға опасыздық жасаған отбасы мүшесі» ретінде Анна Енданованы 8 жылға соттады, ал балалары, екі жастағы қызы және жеті айлық ұлы балалар үйіне өткізілді. 1938 жылдың 27 тамызында 21 жасар Анна Григорьевна Владивосток түрмесінен АЛЖИР-ге елді. Мұнда ол 8 жыл бойы аспаз болып жұмыс істеді.

Өмірінде ол соққыдан көз аспады. Алдымен балалар үйінде ұлының, кейіннен қызының өлімі туралы естіді. 1946 жылы 18 наурызда «АЛЖИР»-ден босатылғаннан кейін оған Ақмоладан шығуға тыйым салынды. Қайғы-қасіретті, барлық қиыншылықтарды жеңе білген қайсар әйел Қажымұрат Низамутдинов деген азаматты кездестіріп, оған тұрмысқа шықты. Осы отбасы үш баланы үйіне өткізді. 1938 жылдың 27 тамызында 21 жасар Анна Григорьевна Владивосток түрмесінен АЛЖИР-ге елді. Мұнда ол 8 жыл бойы аспаз болып жұмыс істеді.

## ТАРТЫСТЫ ТУРНИР

Астана қаласындағы «Дәулет» теннис орталығында Қазақстанның ересектер арасындағы қысқы чемпионаты аяқталды.



Финал ойындарын тамашалауға Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит арнайы қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі. Әйелдер финалында тәжірибелі түркістандық Гозаль Айнитдинова мен 16 жасар елордалық Альбина Какенова кездесті. Екеуара өткен бірінші сетте Гозаль 6:4 есебімен басым түсті. Екінші партия ойында жеңіс жерлесіміз Альбинаға қалды. Есеп 7:5. Осылайша тартысты

өткен кездесу нәтижесінде елордалық Альбина Какенова күміс жүлдегер атанды. Ерлер арасында өткен қысқы чемпионаттың қорытындысы бойынша Астана қаласының спортшысы Лияс Маратұлы табысты өнер көрсетті. Ол қола медаль үшін болған кездесуде қарағандылық Виталий Зацепинді 6:4, 6:3 есебімен ұтты. Бірінші екінші орынды қарағандылық Арсланбек Айтқұлов пен теміртаулық Григорий Ломакин өзара бөлісті.

## АКТЕРДІҢ КОМПОЗИТОРЛЫҚ ҚЫРЫ

Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында актер, композитор, Қазақстан Жастар Одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты Олжас Жақыпбектің «Олжас және достары» атты авторлық ән кеші өтті.

Олжас Жақыпбек Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясынан түлеп ұшқаннан кейін 2012 жылы Қаллеки театрына актер болып қабылданды. Осы өнер ордасының

сахнасында қойылған спектакльдерде үлкенді-кішілі рөлдерді ойнап, жұртшылықтың ықыласына бөленіп келеді. Көрермендер актерді театр сахнасындағы Жантық,

Яго, Мәжнүн, Төлеген сынды көптеген рөлдері және «Туған елдің түтіні», «Көк тарландары», «Мұздағы жалын», «1286» телехикаяларында сомдаған басты рөлдері арқылы таниды.

Актерліктен бөлек, бірнеше фильмге саундтрек жазып, композиторлық қырымен де танылып жүр. Ол – театр репертуарындағы «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясының композиторы әрі қоюшы режиссері. Сонымен қатар, «Құнанбай», «Алтайдан ауған ел» спектакльдерінің композиторы.

Ізденімпаз әртіс шетел фильмдерін қазақ тілінде сөйлетуде де еңбек етіп жүр. Атап айтқанда, «Жұлдызды соғыстар» – Кассиан, Андор, «Мұзды өлке» анимациялық фильмінде Кристоф, Люк Бессонның «Валериан және мың ғалам шаһары» – Валериан рөлдерін дыбыстаған. «Коко құпиясы», «Ральф интернетке қарсы», «Арыстан патша» т.б. анимациялық фильмдерінде басты кейіпкерлерді дыбыстады. Ал ән кешінде Олжас Жақыпбекпен бірге театрдағы әріптестері және Ерден Жақыпбек өнер көрсетті.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

